

# ЖАРКЕНТ



## Айнасы

№5-6 (28), 28 наурыз, сенбі, 2020 жыл, jar-aina@mail.ru

### ШЫҒУ ҚАЛАСЫ – ҮЙСІНДЕРДІҢ ҰЛЫ ОРДАСЫ



Арқас Алатауының баурайынан тарамданып ағып шығып жатқан сансыз мөлдір бұлақтардан құралған, арынды Қорғас өзенінің орта ағысына орналасқан Басқұншы ауылы көркем жерге орын тепкен. Тарихи өмірбаянын б.д.д. V-III ғасырдан алатын Үйсіндердің бас ордасы болған Қызылаңғар (қытайша Чигу-чен, Чигу. «Чы» – қызыл деген мағына береді) көп жылдардан бері ғалым-тарихшылардың негізгі тақырыбына айналмаса да біздің тарапымыздан іздеуде болды. Жас кезімде жүргізіп жүрген күнделігімнің бір бетіне «Әркім өзінің туған жерінің тарихы туралы жазбаса да оймен шарлап шығуға хақысы бар» деп әдемілеп жазыппын. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде үлкендерімізден естіген кейбір әңгіме, деректерді қағазға түсіріп жүргенімнің жақсылығын кейін көріп жүрмін.

Аға-әпкелеріміз ашаршылық жылдарындағы, «халық жауы» деп ат қойған дүрбелең кезеңдердегі оқиғаларды жиі айтып отыратын. Себебі, отбасымыздың ойранын шығарған саясаттың кесірінен әкеміз азап шегіп, ағаларымызды сол зобалаңның кесірінен жоғалтқанбыз. Ара-тұра осы аймақта көне елді мекендердің, қоныстардың мол болғандығы, олардың аман, бұзылып кеткендігі сөз болатын. «Қорғас, Алмалы, Басқұншы ескі жерлер ғой» деп қоятын үлкендер. Айтса айтқандай. Қорғас ауылындағы қазіргі салынған үйлер неше мың жыл бұрынғы салынған құрылыстардың орнына орналасқандығын сол елді мекеннің тұрғындары айта алады. Менің де туыстарым тұрған үйдің астында үлкен ұралар бар екендігін кезінде естіген едім. Алмалыдан да жер аршу жұмыстары кезінде табылған 9 ғасырға жататын шыңылтыр құмыра мұндағы дейін менің жұмыс кабинетімде тұрды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Біз сөз еткелі отырған Басқұншы ауылының тарихи маңызы еліміз үшін аса құнды болары сөзсіз. Осыдан он-он бес жылдар бұрын баспасөз бетіне Басқұншы ауылының көне үйсін мемлекетінің орталық қаласы Шығу екендігін жазған мақалалар бере бастадым. Оның негізі де жоқ емес еді. Басқұншы ауылы мен тінірегіндегі ауылшаруашылығына пайдаланылып жатқан көне жәдігерлердің молдығы тарихшылардың ғана емес, тұрғылықты адамдардың да назарын аударатын. Алғашқы адамдардың салған таңбаларынан бастап алатын дәуіріндегі тастағы суреттерден, пиктограммалардан бастау алатын Басқұншы тарихи үйсін дәуірінің ескерткіштерін молынан қойнына жасырып жатыр. Әртүрлі жер қазу жұмыстары

кезінде табылған жергілікті саздан жасалған қыш құмыралар, көзелер, құмғандар, сол заманның жәдігерлері. 60-шы жылдардың аяғы мен 70-ші жылдары жергілікті тұрғындар үй салмақ болып іргетас қазу кезінде табылған қыш хумдар жуылып, тазартылып үй тұрмысында кәдімгі ашымал көже жасауға пайдаланылып жүрген. Кейіннен Жаркент қаласындағы орталық музейдің қызметкерлері келіп жинап алып кетіп қорға қойған. Естүімше Талдықорғандағы музейге өткізілген. Осындай деректерді жинастырып, салыстырып жазған мақалам 2014 жылдың тамыз айының 15-де «Егемен Қазақстан» газетінде «Жас археолог» деген атпен жарияланды. Бұған қызығушылық танытқан адамдардың бірі академик, тарих ғылымдарының докторы, атақты археолог Уахит Шалекенов болды. Қазақ мемлекеттік университетінде тарих факультетінде оқып жүргенімде деканымыз еді. Маған арнайы хат жазып, «Жас археолог» атты мақаланы оқып Сізге рахметімді білдіремін. ...Жаркент Ұлы жібек жолындағы көне қалалардың бірі» деп бастап біраз жайды хабарлап, ... «Үйткені аттары аталған жәдігерлер ғылымға қажетті бұйымдар» деумен аяқтапты ұстазым. Телефон арқылы сөйлесіп біраз жайды естіген соң тиісті орындармен хабарласуды ұсынды. Алматы қаласындағы археологиялық институтпен хабарласқаныммен табылған жәдігерлерді «бізге өткізіңізден» әрі аспады. Сәті түсіп академик Карл Байпаковпен (марқұм) хабарласқан соң ғана жұмыс орнынан қозғалды.

Өз ісінің ақиқаттығына сенімді мықты болса ғана тәуекелге баратының шындық. 2015 жылдың күз айында академик, тарих ғылымдарының докторы, археолог, көптеген ғылыми еңбектердің авторы Карл Байпаков жанына америкалық үш археолог-ғалымдарды және өзінің ғылыми қызметкерлерін ертіп Алматыға келді. Мен бұл істен сол кездегі аудан әкімі Б.Е.Абдулаевты да хабардар еттім. Жиналған жәдігерлерді көріп ғалым ағамыз б.д.д. III ғасырдағы үйсін мемлекетінің тұрғындарының тұрмыста қолданған бұйымдары екендігіне көзімізді жеткізді. Ғалым ағамыз маған рахметін айтып, дүниежүзі археологтары симпозиумының төс белгісін қадап, «онтузиаст-археолог» деп кетті. Келесі жылы 2016 жылы тамыз айында басталған Ілебалық (Кей деректерде Иланбалық «Балық» - көне түркі тілінде қала. Ушарал ауылының солтүстігіндегі 13 ғасырға жататын қаланың орны) қаласының қирандысына қазба жүргізуге қолқабыс тигіздім. Ілебалық қаласының орнына жүргізілген жұмыстар өз нәтижесін берді. 2017-

2018 жылдары жүрген қазба кезінде көптеген археологиялық құнды жәдігерлер табылып тарихымыздың ақтаңдақтарын ашуға ықпал етті. Қазба жұмыстарын жүзеге асыруға қаржыны Швейцариядағы «Еуропа-Азияны зерттеу» қоғамының президенті Кристоф Баумер бөлгізген екен. Жаңа қалашықтың орнының айқындалып, қазба жұмысының жүргізілуі, Ілебалық екендігінің нақтылануы археолог ғалымдарымыздың Жаркенттану тарихына қосқан орасан зор үлесі болды. Бұл мәселелердің бәрін жіліктеп жазып отырғаным мынада. К.М.Байпаковпен әңгімелесіп жүргенімде Шығу қаласының, яғни, Басқұншы ауылының да орынның зерттеп көру де ойында болғандығын айтып еді. Осы орайда 2017 жылы қасына бір топ ғалымдарды ертіп, оларға Басқұншы ауылының орынның көрсетуге келетінін хабарлап, қасындағы археолог ғалымдарды тарихи орындарға апаруымды өтінді. Біз тарихшы інім Қали Тұрдығазыұлы екеуміз дайын тұрдық. Өкінішке қарай дәл сол жол жүрер шағында академик Карл Байпаков шетелден келген адамдармен кездесуге шақырылып, келуге жолы түспеді. Бірақ бізге хабарласып, археология институтындағы ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Дөкей Тәлеевті жіберетінін айтты. Д.Тәлеев те көптеген археологиялық қазба жұмыстарына қатысып, тәжірибе жинақтаған маман екендігін білдірді. К.М.Байпаковтың айтуы бойынша Басқұншы ауылының орналасқан жерін спутник арқылы көрген ол одан әрі іздеп Үйсін күнбиінің ордасының орналасқан орнына дейін көріп қайтты. Академик ағамыз осы жұмыстың жоспарын жасап, сызбасын да сызған сияқты. Өкініштісі сол аты әлемге әйгілі академик, археолог, тарих ғылымына өлшеусіз үлес қосқан ғалым 2018 жылдың қысында дүниеден озды. Шығу қаласының орнына жүргізілетін қазба жұмыстары да аяқсыз қалған секілді. Ендігі үміт өзіміздің жоғары орындарда отырған елжанды азаматтарымызға байланысты. Қаржы көздерін іздетіріп, не болмаса археологиялық жұмыстарды қолдап отыратын беделді ұйымдарды тартып Шығу қаласының орнына зеттеу жүргізуді ұйымдастыру, әрі Ілебалық қаласының тоқтап қалған археологиялық қазба жұмыстарын жалғастыру – кезек күттірмейтін мәселе. Биылғы жылдары мұндай мүмкіндік болмаса да болашақта ел оңалып, жұрт түзелер уақыт туар деп сенгіміз келеді.

Молот СОЛТАНАЕВ,  
«Жаркент айнасы»  
газетінің Бас редакторы.

Қайып қайдан деменіз

### ЖАДЫНАМА

Айналамыз індет,  
Айту маған міндет:  
Естідің бе, бәрін,  
Ережеге бағын!

Орыныңды нықта,  
Отыр, үйден шыкпа!  
Жинақталып, бел бу,  
Жиі-жиі қол жу!

Диванда еркін жатып,  
Демал, кітап оқып!  
Көріп қызық кино,  
Көңілді бол үйде!

Уақытыңды арна,  
Уайымшыл болма!  
Телефонға тым-ақ,  
Телмірмендер, бірақ!

Тісе тосын жөтел,  
Түшкірсең де, бекер  
тұрма, қарап босқа -  
Тағу керек маска!

Айналамыз індет,  
Айту маған міндет.  
Естіп, білдің бәрін -  
Ережеге бағын!

Қалмаханбет  
МУҚАМЕТҚАЛИ

### Құлақтандыру

Құрметті патша көңілді оқырман! Кейбіріңіз енді танысып жатқан, кейбіріңіздің сүйіп оқитын басымдарыңызға айналып үлгерген «Жаркент айнасы» газеті Алматы қаласында басылып шығады. Еліміздегі төтенше жағдайға, Алматы қаласындағы карантинге байланысты «Жаркент айнасы» газетінің редакция мүшелері ақылдаса отырып газетті уақытша басқа баспаханадан шығаруға шешім қабылдады. Сондықтан да газетіміздің наурыз айындағы екі нөмірі бірігіп, қолыңызға тиіп отыр. Сіздерден кешірім сұрай отыра алдағы уақытта бұл олқылықтың орнын толтырамыз деп сендіреміз.

Редакция алқасы

## Елдік мәселе

Есті қазақ «сөз қадірін өз қадірім» деп түсінген. Бір ауыз сөзге тоқтаған. Ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешкен. Қатты-қатты айтқанда қатып қалған қатпарды жылы-жылы лебізімен ілезде-ақ жібіткен. Әлімсақтан әдебімізге сіңіп, әдетімізге айналған бұл үрдістің үзіле қоймағанына таяуда тағы да көзіміз жетті. Бұдан біраз уақыт қана бұрын жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желіде «Баба есімін бағалайтын, ата аруағын ардақтайтын санасы сергек, көкірек көзі ояу азаматтарға» деген үндеу жарияланған еді. Үндеуде:

«...Осыдан біраз жылдар бұрын осынау ел бастаған көсем, жау жасқаған батыр Суан бабамызға ежелден ең жайлаған өлкесі – жазиралы Жаркент жерінде есімін ұлықтап, еңселі ескерткіш орнатуға талпыныс жасалған болатын. ...Алайда, амал қанша, ел-жұрт сеніп, осы істің тізгінін ұстатқандардың орта жолда дәремені кетіп, диккелеп қалды. Олардың айтуынша игі шара қаражаттың жетіспеушілігінен қаңтарылып қалған. Жасыратыны жоқ, қазір қасиетті бабамызға арналады деген еңселі ескерткіштің қаңқасы тура үлкен жолдың бойында көзге күйік, көңілге қоланға болып қалқайып тұр. Айналасындағы атшаптырым жер құл-қоқыс төгетін алаң секілді. Қоршаған қоршауы мал қораның шарбағы тәрізді...»

Біз кімнен кембіз?! Кімдерден кедейміз?! Біз де ар-абыйройы - асқақ, намысы - найзағай елдің ұрпақтары емес пе едік?! Бізді өмірге әкелгенде де ай маңдайлы аналарымыз қалжа жеп, әкелеріміз құанышқа қарық болған шығар-ау! Үміттерің үкілеп, ата-бабасының атын шығарар, сенімін ақтар азамат болады-ау деп армандаған болар.

...Біздің дәл қазіргідей бейбіт заманға аман-есен жетіп, жер бетінде бақуатты ғұмыр кешуіміз үшін күрескен асыл бабамыздың – түп әкеміздің есімін ұлықтап, еңселі ескерткіш орнату жұмысын одан әрі жалғастыруға, жетілдіре түсуге, айналасын абағандыруға әлі де баршамыз белсене атсалысайық!» деген жалынды сөздер жазылған болатын.

Бұл – елдік намыстың найзағайы оңдырмай осып өткенде жүректі жарыл шыққан жанайқайымыз еді. Құдайға шүкір, санасы сергек, көкірек көзі ояу, құлағы түрік оғандарымыз ортамызда бар екен.

## СЕҢ СЕТІЛДІ, СЕН ДЕ СЕРПІЛ СУАНЫМ!



Ғани Әкімбекұлы Бегімбетов 1975 жылы Кішішыған ауылында туған. 1993 жылы Кішішыған орта мектебін бітірген. 1993-1995 жылдары Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін Талдықорған заң колледжінде оқып, 2001 жылы бітірген. Білімі – заңгер. Ұзақ жылдар бойы «Әкімбек» жеке шаруа қожалығында басшы, «Аруна LTD» баспаханасында бас маман болып қызмет еткен. 2017 жылдан бері «Жаркент Сәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы. Отбасылы. Жұбайы үй шаруасында. Төрт баласы бар.

Сонымен таяуда елдік мәселеге еңсар қарамайтын осындай азаматтар аудандық әкімдіктің мәжіліс залында өз бастамаларымен бас қосты.

Жиында күн тәртібіндегі **бірінші мәселе** бойынша алдымен салынатын объект қандай болмақ: кешен бе, ескерткіш пе, ол сәл кейінірек шешілетін болып бірауыздан келісілді. **Екінші мәселе** бойынша қаражат үшін жаңа қор ашуға да жиналғандар түгелдей дауыс берді.

**Соңғы үшінші мәселе** бойынша соқталы да нокталы сөзді есімі ел-жұртқа аян сыйлы азамат, отставкадағы полковник, жүрегі жомарт кәсіпкер,

«Құрмет» орденінің иегері, «Панфилов ауданының Құрметті азаматы» Серік Мұқашұлы Ақсубаев айтты. Ол алдымен өзін қор басшылығына сайлауға ұсыныс жасаған Сегізбаев Бижан, Жанаманов Бердіғожа қажы сияқты біраз ақсақалға алғыс сезімін білдірді. Сонан соң ең әуелі жаңа қор құрып, оның атауын өзгерту жөн болатындығын ескертті. Өйткені, ауданымызда басқа да бауырластарымыз, оған қоса ұйғыр, дүнген, орыс ұлттың өкілдері тұратындығын да еске салды. Олардың арасынан шыққан бірталай белгілі кәсіпкерлермен, өзіміздің іскер азаматтармен де ақылдасып, қаражат

қорын молайта түсуге болатындығына сендірді. Қорды бұрынғысына қатысы жоқ етіп, жаңадан ашу – жұмысты қалаймақансыз, таза бастауға көмектесетінін айтты.

– Ал енді қорға төраға сайлау мәселесіне келсек: мен жастарға сенемін! Сондықтан өзім бұл орынға Ғани Бегімбетовтың кандидатурасын қолдаймын. Ол – жас, жігерлі, жұмысы тиянақты, жауапкершілігі жоғары. Бастаған ісін қашан да аяғына дейін жеткізуге күш салады, – деді сөз соңында.

Бұдан соң «Ә.Қастеевтің көркемсурет галереясы» МКҚК-нің директоры Берік Әбілханов, қоғамдық белсенді, Жаркент қалалық мүгедектер қоғамының төрағасы Дүйсен Әлімжанов, аудандық сәулет және қалақұрылысы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Қайрат Абаев, «Қамқорлық» ЖШС-нің директоры Әлен Жолдасов, облыстық «Жетісу» газетінің меншікті тілшісі Мырзағали Нұрсейіт, аудандағы ат спорты федерациясының президенті, кәсіпкер Арман Кенесбаев, «Жаркент айнасы» газетінің бас редакторы Молот Солтанаев, кәсіпкер Сатыбалды Қасенов, ардагер ұстаз Жанахмет Жанболатов, тағы басқа да жиналысқа қатысушылар сөз сөйлеп, өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды. Біраз талқылаудан соң бір арнаға тоғысқан тоқтам сөздің түйіні мынау болды: **баба есімін ұлықтау үшін қаражат құятын жаңа қор ашылып, ол жаңаша аталсын. Қор төрағалығына Ғани Бегімбетов сайлансын.** Бұл ұсыныстарды жиналысқа қатысушылар түгелдей қолдап, бірауыздан дауыс берді.

Сөйтіп, сонау 2011 жылы ізгі ниетпен басталған, алайда, төрт-бес жылдан бері қаңтарылып қалып, көңілге қаяу салған халықтық істің сені сетілді. «Атасын ұмытқан батасыз қалады» деген. Бұл – руға, елге бөлінуге емес, «Рухани жаңғыру» аясында қайта бірігуге, ата текті ардақтауға арналған шара. Ендеше, осынау игілікті істі ілгерілетуге жұдырықтай жұмылайық, ағайын!

Нұр ӘДІЛ,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі.

## ➤ Отбасылық сайыс



## ОТБАСЫ – БАҚЫТ МЕКЕНІ

Қазіргі заманда болашақ ұрпақтың тәрбиесі, өнерлі болып өсуі және ата-ананың мектеппен тығыз байланысы үлкен рөл атқарады. Ана-ана тәрбиесі – қазақ халқы үшін толассыз таусылмайтын қазына. Бүгінгі таңда нағыз ұлтжанды, жүрегі еліміз деп соғатын азаматтарды тәрбиелеу үшін ата-ананың тәрбиесі ең басты, ең маңызды, ең қажетті, ең керекті тәрбие.

Бала өміріміздің жалғасы, отбасының жемісін берер гүлі. Ал отбасы – бұл қоғамның негізі. Балалардың бойына отбасына деген сүйіспеншілікті ұялата отырып, ата-ана мен бала арасындағы сыйластықты, тәрбиенің алғашқы алтын қазығы өз туған ұясы екенін жете түсіндіру мақсатында Головацкий атындағы орта мектепте 2 «а» сынып жетекшісі Н.Мейрамжанованың ұйымдастыруымен «Біз бақытты жанұя» атты отбасылық сайысты өз дәрежесінде өткізді. Сайысқа



Мұқаевтар, Абдилдаевтар, Қарашолақовтар отбасылары қатысты.

Ата-аналар сайысқа жауапкершілікпен дайындалғанын жарыс барысында көрсетті. Сайыстың бірінші бөлімі – Таныстыруда Мұқаевтар отбасы басым түсті. «Ата мұраң – асыл қазына» атты бөлімде қазақ халқының салт-дәстүрі туралы сұрақтарға үш жанұяда толыққанды жауап берді. Үшінші кезең «Көңілді аспаздар» бөлімінде ер азаматтар картошка аршудан жарысқа түссе, аналары балаларының сүйікті асын даярлады. «Жанұя өнері» бөлімінде әр жанұя өзінің шыққан тегін бәйтерекке салып бейнелеп көрсетті. Сайыс өте қызықты, тартысты өтті. Сайыс соңында басым дауыспен Мұқаевтар отбасы – 1 орын, Абдилдаевтар отбасы – 2 орын, Қарашолақовтар отбасы – 3 орынды иеленді. Бала тәрбиесі баршамызға ортақ өміріміздегі ең маңызды іс болғандықтан бірлесіп өткізген сайысқа қатысқан ата-аналарға, осы шараны өткізуге ұйытқы болған Нұргүл Мейрамжановаға шексіз алғысымызды білдіреміз.

Ұлт өмірінің іргетасы, негізін қалаушы – отбасы болса, отбасының іргетасы – бала. Ал бала ата-анасының жылуын, қолдауын сезінгенде ғана бақытты болып ержетеді. Әрбір бала бақытты болуға лайық.

Ш.ТҮГЕЛБАЕВА,  
Головацкий ауылы.

## ➤ Рухани кеш

## АБАЙ МҰРАСЫ – МӘҢГІЛІК ҚАЗЫНА

Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті, құндылығы жағынан ештеңеге тең келмес рухани алтын қазынасы. Заман ауысып, уақыт өткен сайын халқымыз ұлы данышпанның жан дүниесіне терең бойлап, оның ұлылығының тың қырларын ашу үрдісі әлі де өз жалғасын табуда. Мінекей, бүгін де осындай игілікті мақсаттағы бағытты басшылыққа ала отырып «Жауынгерлік Даңқ музейінде» Абай Құнанбайұлының 175 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Өлмейтұғын артында сөз қалдырған...» атты тақырыптағы кешіміз өз мәресіне жетіп, қатысушыларымызға рухани қуаныш сыйлады. Оған Жаркент қалалық кітапханасының қызметкерлері мен Ә.Қастеев атындағы көркемсурет галереясы ұжымы, баспасөз өкілдері мен мектеп оқушылары қатысып өз үлестерін қосты.

Кеш барысында Абай атамның өмірінен сыр шертетін қызықты деректі фильмдер көрсетіліп, өмір, табиғат, білімге құштарлық жайында өлеңдерінен үзінділер айтылып, қара сөздері оқылды. Аға сұлтан әрі би, шешен, заманының ірі тұлғасы болған әкесі Құнанбай, әжесі Зере жайында да біршама естеліктер айтылды. Ақынның өмір сабақтары туралы ойы, философиясы, ақыл-өнегесі, өсиеттері бүгінгі заман талабына сай түлеп, бізді үлкен асуларға шақыра беретіндігі кәміл. Ұлы Абайдың шығармашылығы әлемді мойындатуымен қатар, жыл өткен сайын ой – санамызда жаңғырып ұрпақ тәрбиесіндегі құндылығының маңызы арта түсуде.

«Адамды сүй, Алланың хикметін сез» деген бабамыз, әсте кез-келген адамға қуанышы мен қиындығы көп өмірдегі тура жолды меңзегендігі аян. Онымен тура өткен, жан дүниесі ізгілікке, адамгершілікке бай адамның адамзаттық руханияттың ең биік шыңына қол жеткізетінін де тұспалдап көрсеткен еді. Кеш соңында ақын, Қазақстан журналистер Одағының мүшесі Молот Мұсаұлы Солтанаев сөз сөйлеп, Абай атамның мерейтойына арналған жырынан шашу шашты. Музей директоры Ибрайымжанов Қали Тұрдығазыұлы кеш қонақтарына алғыс айтып, алдағы атқарар істерге табыс тіледі.

Г.М. ОҢҒАРБАЙ,  
Экскурсия жүргізуші.  
Жаркент қаласы.



**Әл-Фараби бабамыз Қазақстан аумағындағы Фараб /Отырар/ қаласында 870 жылы дүниеге келді. Балалық шағы Арыс пен Сырдария өзендері бойында өткен. Болашақ философтың әкесі әскербасы және құрметті түркі отбасының өкілі болған.**

Әл-Фараби өмірбаянында балалық шағы туралы ешқандай ақпарат жоқ. Жасөспірім кезінде Аристотель, Платон шығармалары мен теорияларын оқығанды жақсы көрді. Көбінесе Самарқандта, Ташкентте және Бұхарада өмір сүрді. Біртіндеп әл-Фарабидің білім деңгейі энциклопедияға айналды. Ол логика мен жаратылыстану, медицина және шет тілдерін оқып, музыканы жақсы көрді. Ғалым Бағдат қаласына жалғыз барған. Бұл қала сол кездері мәдениет, ғылым және өнердің орталығы болды. Адамдардың өмір сүру деңгейі және әлеуметтік құрылымы жоғары болатын.

Аңыз бойынша әл-Фараби Бағдатта сот қызметкері болып жұмыс істеді. Бірақ, біраз уақыттан кейін ол қызметін өзгертіп сабақ бере бастайды. Ғылыми еңбектерден тұратын досының кітапханасын оқығаннан кейін шабыттанып ғылымға қызмет етуге бел буған. Замандастары философты ақылды және талантты тұлға ретінде білетін. Бабамыз ойшыл, атакты ғалым мәртебесіне ие болып 932 жылы Бағдаттан кетеді. Философтың шығармалары шартты түрде екі санатқа бөлінеді:

Біріншісі ғаламның заңдарына, адамның өміріне және дүниетанымына арналған. Математика, астрономия және геометрия ғылымдарына байланысты заңдарды зерттеген. Сондай-ақ, уақыт пен кеңістіктің тұжырымдамасы туралы теориялар айтқан.

Екіншісі жабайы жануарларға арналған жұмыстар мен олардың қолданыстағы заңдарын қамтиды. Олар химия, биология, медицина, оптика және физиканы ғылымдарын қамтиды.

**Аңыз бойынша әл-Фараби Бағдатта сот қызметкері болып жұмыс істеді. Бірақ, біраз уақыттан кейін ол қызметін өзгертіп сабақ бере бастайды. Ғылыми еңбектерден тұратын досының кітапханасын оқығаннан кейін шабыттанып ғылымға қызмет етуге бел буған. Замандастары философты ақылды және талантты тұлға ретінде білетін. Бабамыз ойшыл, атакты ғалым мәртебесіне ие болып 932 жылы Бағдаттан кетеді.**

Ойшылдың идеялары өз заманынан озық болды. Оның жұмыстары әлі де өзекті. Әл-Фараби әлемдегі барлық нәрсені 6 деңгейге бөлген. Олар бір-біріне тығыз байланысты екенін айтқан. **Бірінші кезең** – барлық нәрсенің тууы. **Екінші кезең** – барлық заттың пайда болуы. **Үшінші кезең** – ақыл-ой немесе дамып келе жатқан ақыл. **Төртінші кезең** – жан. **Бесінші кезең** – пішін (форма). **Ал, алтыншы кезең** – материя. Бұл

## ӘЛ ФАРАБИ – ШЫҒЫСТЫҢ ҰЛЫ ҒҰЛАМАСЫ



алты кезең адам және қоршаған ортаның пайда болуына әсер еткен деген философиялық ой.

Әл-Фарабидің адам өміріне және дүниетанымына арналған шығармаларынан «Бақытқа жол сілтеу» деген трактатының маңызы зор. Әл-Фараби бұл еңбегінде этика-эстетика мәселелеріне талдау жасай келіп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірімділік жайындағы білім категориясының ғылыми негіздерін ашып көрсетті. Этика жақсылық пен жамандықты ажыратуға, түсінуге мүмкіндік беретін ғылым екендігін дәлелдеді. Әл-Фарабидің гуманистік идеясының басты шарты адам бойындағы білім, мейірімділік, сұлулық өзара табиғи бірлікте тұтастықта өмір сүру керек деп білді.

Бақыт туралы әл-Фараби бабамыз: «Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғарғы бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмытылуы керек. Содан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп, соған әрекет жасауы керек», – дейді. Сонымен қатар, «Бақыт – өз басы үшін көксейтін игілік. Бақыттың ар жағында адамның қолы жете алмайтын бұдан артық нәрсе жоқ. Бақытқа жеткізетін еркін әрекет – тамаша әрекет. Мұны туғызатын әдет-ғұрып – қайырымдылық. Қайырымдылық дегеніміз – оның өзі белгілеген, бірақ бақытқа жету мақсатынан туған жақсылық. Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыштап отыруында», – дейді.

Ұлы ойшыл, кемеңгер Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамдар бақытты болуы үшін біріне-бірі көмектесіп отыру мақсатымен бірлескен қала – ізгі қала болады. Халқы бақытқа жету үшін өзара көмектесіп отырған қоғамда ізгі қоғам болады. Қалалардың бәрі бақытқа жету жолында біріне-бірі көмектесіп тұратын халық – ізгі халық болады. Сол сияқты халықтардың бәрі бақытқа ұмтылып, біріне-бірі көмектесіп отырса бүкіл жержүзі ізгі болар еді», – дейді. Осы асыл бабамыз меңзеген асыл мұраларды, жалпыадамзаттық құндылықтарды ұрпақ бойына дарытып, рухани-адамгершілік тәрбиесін қоғамның

барлық саласына енгізген сайын егеменді еліміздің ертеңі айқын, болашағы жарқын болары сөзсіз. Әл-Фарабидің қазақ мәдениетіне тигізген үлесі орасан зор.

«Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек. Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады» делінген.



Бірлік, ынтымақ, сабырлық пен парасаттылық, ең алдымен өзімізге – қазақтарға керек. Осы айтылған ойдың мән-мағынасын түсінсек, ұлы ғұламаның бай мұрасындағы ғибратты сөздермен ұштасып жатқандай. Қазақ ойшылдық тарихындағы дара тұлғаның философия, таным теориясы, музыка, логика, жан, саясат пен этика туралы пәлсапалық ойлары ұрпақтан ұрпаққа мұра болар ой қазынасы.

**Жұлдыз АСҚАРБЕКҚЫЗЫ,**  
Жауынгерлік Даңқ музейінің  
ғылыми қызметкері.  
Жаркент қаласы.

## АБАЙ – ЕЛДІК МҰРАТТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы. Өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай – елдік мұраттың айнымас темірқазығы. Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде өнселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Осы орайда Алматы облысы. Панфилов ауданы «Керімағаш-Арасан ауылындағы орта мектебі» КММ Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған іс-шара жоспарын бекітті. Арнайы бағдарламаға сәйкес алғашқы күні іс-шара жоспары таныстырылды. Одан соң мұғалімдер мен оқушылар «Абай – ұлт биігі» атты кітап көрмесімен танысты. Осы күні мектебіміздің кітапханашысы Сатбай Меруерт Абайдың «Қазаққа қара сөзге дес



бермедім» тақырыбында қара сөздерін жатқа оқитын 4-8 сынып оқушылар арасында сайыс өткізді. «Адамзат тудырған алып тұлға» тақырыбы бойынша 5-10 сыныптар арасында шығарма жазу сайысы ұйымдастырылды. Бұл сайыста мектеп оқушыларының арасынан жеңімпаз болып танылғандарға мақтау қағаздары берілді.

«Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» атты Абайдың табиғат лирикасынан сурет байқауы сайысы өткізілді. Бұл кезеңде Абай өлеңдерін жатқа айту, Абай туралы оқушылар өз қаламдарынан шыққан өлеңдерін оқу және ұлы ақынның өлеңдерін суреттеу іс-шаралары атқарылды.

«Көңілім әнді ұғады» аталымы бойынша өткізілген байқауда мектебіміздің келешегінен үлкен үміт күттіретін өнерлі оқушылары көзге түскенін айта кету керек.

Сөз соңында, өз істерінің нағыз шебері, қажымас қайратты әріптестеріме осы апталықты өткізуге жан-жақты атсалысып, қол ұштарын созғандары үшін үлкен алғысымызды білдіреміз.

**Ұлан ЖАНҰЗАҚ**

# АЛТЫН ОРДАНЫҢ АЙБАРЛЫ БИЛЕУШІСІ БЕРКЕ ХАН

**Берке (монғ. Бэрх хан; түрікше Бөркә, Берік, Береке, Беркей; 1209 – 1266) – Жошы Ұлысының бесінші билеушісі, Алтын орданың екінші әміршісі (1257 – 1266), Жошының үшінші ұлы, Шыңғысханның немересі. Түркі-монғол билеушілері арасынан алғашқы болып исламды қабылдаған жан. Өз бауырласы Иранның елханы Құлағу төреге қарсы соғысқан, сол мақсатта Мысыр мәмлүктерімен одақ құрған. Ағасы Батудың саясатын жалғастыра отырып, ұлыстың біртұтастығын сақтап, өз алдына дамуын қалаған оның билігі кезінде Алтынорданың ұлы ханға бағынбайтыны айқын көрінді.**

## Хандыққа дейін

Берке Орда Ежен мен Батудан кейін туған Жошының үшінші ұлы болды. 1229 жылы басқа да Шыңғыс ұрпақтарымен бірге Үгедейді ұлы хан сайлаған құрылтайға қатысады. 1236 жылы Бату батысқа жорыққа аттанғанда, Берке түркі-монғол жасақтарының бір бөлігін басқарды. Оның алдында ол қыпшақтармен болған ұрыста жеңіске жетіп, Аржұмақ, Құранбас, Қапаран атты қолбасшыларын қолға түсірген болатын.

Шығыс Еуропаны басып алған Бату хан 1242 жылы кіші Еділ бойына қайтып келеді. Дәл осы жерде Алтынорданың негізі қаланған болатын. Ал Беркенің қарамағына солтүстік Кавказ жерлері берілді. Бұл жер сауда-саттыққа өте қолайлы болғандықтан Бату бұл жерлерді 1254 жылы өз қарамағына қаратып, Беркеге Еділден шығысқа жылжуды бұйырды.

Беркенің исламды қабылдаған кезі 1240-жылдар болса керек. 1251 жылы өткен бүкіл түркі-монғол құрылтайында Беркеге деген сыйластықтың белгісі ретінде тойға арнап сойылған барлық мал басы мұсылмандық ғұрыппен сойылған. Ал 1253 жылы Берке ордасында болып қайтқан Гийом де Рубрук ордада шошқа етін жеуге тиым салынғанын жазады. Жүзжани жазбаларына сенер болсақ, Берке жастайынан-ақ Ходжент имамының жетекшілігімен Құранды үйренген.

1246 жылғы құрылтайда Күйік хан ұлы хан сайланғанда, Берке қалған бауырларымен ханды мойындаудан бас тартқан Батуды қостайды. 1251 жылы Бату хан Төленің ұлы Мөңкенің хан сайлануын құптап, оны қолдауға Берке мен Сартақ басқарған бір түмен әскер жібереді. Жошылықтар Шағатай мен Үгедей ұрпақтарына билікке келуге жол бермей, Мөңкені таққа отырғызады. Беркенің басшылығымен сол ісі жүргізіліп, биліктегі шағатайлар мен үгедейлерді түгел жазалайды. Ал Жошы мен Төле әулеттері арасында, Рашид ад-диннің жазуына «ынтымақ пен достықтың үзілмес жолы басталды».

## Билік жолында

1255 жылы Сайын-Бату хан дүниеден өтеді. Ұлы хан Мөңке Сартақты Қаракорымға шақыртып, ұлы билеушісі етіп тағайындайды. Қайтып келе жатқанда, өз ордасына соға кетуді сұрап, адам жіберген Беркеге: «Сен мұсылмансың. Мен христиан сенімдегі адам боламын. Мұсылманның жүзін көру мен үшін бақытсыздық» деп жауап береді. Арада біраз уақыт өткеннен кейін Сартақ белгісіз жағдайда қайтыс болады. Мөңке таққа мұрагер Ұлақшыны сайлайды. Оның жасы жетпегендіктен уақытша билікке Барақшын-ханым келеді. Көп өтпей-ақ Ұлақшы да қаза болады. Батудың немересі Туда-Мөңкені мұрагер етпек болған Барақшын ханым қолдау таба алмай, Құлағуға аттанады. Бірақ жымьсы ойы әшкері болып өлтіріледі.



Беркенің билігі

Осылайша тақ басына Батудың бауыры, Берке келді. Өз ісіне кіріскен сәттен бастап ол оңтүстік орыс жерлеріндегі жағдайларға баса назар аударды. Галиц-Волынь кінәзі Даниил Романович ордаға бағынбай, тым еркінсіп кеткен еді. Тіпті 1256 жылы Шығыс Волыннан түркі-монғол әскерлерін қуып шыққан еді. Бұған Берке қарап отырмай, 1258 жылы Бұрындай сардар басқарған түмендерін аттандырады. Жолай басқа да кінәздіктермен күш біріктірген Бұрындай жасақтары Галиц-Волыньның тас-талқанын шығарады. Кінәздің өзі алыстағы аралға қашып кетеді. Кінәздіктің астанасы Владимир-Волынь халқы өз еріктерімен беріледі. 1259 жылдан кейін түркі-монғолдар 15 жыл бойы оңтүстік-орыс жерлеріне жорық жасаған жоқ. Өйткені бұл жерлер толықтай түркі-монғолдардың қолына өткен болатын. Кінәз Романовичтің өзі қайтып келіп, Беркеге құлдық ұрған еді.

Мұсылман жылнамалары Беркені өте жоғары бағалайды. Беркенің исламды қабыл алуы да белгілі бір саяси қадам болса керек. Осы қадамға бара отырып Еділ Бұлғариясынан Орта Азияға бейінгі аумақта орын тепкен ірі-ірі сауда орталықтарының, қалалардың қолдауына ие болды. Бұған қоса ол басқару ісіне білімді мұсылмандарды алуға рұқсатын береді. Осылайша ұлыстың басқару жүйесінде дәстүрлі исламның кейбір белгілері қалыптаса бастады. Беркенің саясаты қалалық өмірдің, колөнер мен сауда-саттық дамуына арналды. Оның кезінде қала құрылысы қатты дамыды. Ел астанасы Сарай Берке деп атала бастады. Ордадағы барлық қалаларда мешіттер мен мұнаралар, медреселер мен керуен-сарайлар тұрғызылып жатты.

## Мысыр мәмлүктерімен мәміле

Бейбарыс сұлтанның Беркеге жазған алғашқы хаты хижраның 659 немесе 660 жылы (1260/1261 жылдары) жазылған болса керек. Дәл сол жылдары Мысырға келе бастаған жошылықтарды жылы қарсы алған. Оларға ат-киім беріп, Каирде арнайы соғылған үйлерге орналастырған. Тіпті сұлтан кейбірін өз сарбаздарына әмір етіп тағайындаған. Мұншалықты жылышырай танытқан Бейбарыс Құлағудың Сирияға жасар кезекті шабуылына қарсы мықты одақтас тапқанына қуанған болса керек. Онсыз да сұлтан ислам елдері арасында беделі аспандаған Беркемен байланыс орнатуға асыққан еді. Әлбетте неге асықпақпа?! Жошылықтардың әскер сапын құраушылардың негізі қыпшақтар болатын. Ал мәмлүктер құлдыққа түскен қыпшақтар. Тілі мен мәдениеті, қан жағынан жақындық мәмлүктер мен ордалықтардың арасында одақ құруда басты рөл атқарды.

Жошы ұлысына алғашқы мысыр елшісі 1262 жылы аттанды.

Беркеге жазған хатында, сұлтан оны Құлағуға қарсы қасиетті соғысқа шақырып, өз әскерлерінің жай-күйін жазады. Бейбарыстың хатын қабыл алған Берке, оны түрік тіліне аудартып оқып (монғолға емес), мазмұнына тәнті болады. Елшілерге сый-сияпатын

аямай, қайтарма жауап жазып өз елшілерін қосып Мысырға жібереді.

## Тақ таласы және бірлікке түскен соңғы сызат

1260-шы жылы бүкіл империяда аласапыран заман басталды. Ұлы хан Мөңке дүниеден өтісімен, қос бауыры Құбылай мен Арықбұға жоғарғы билік үшін күресті бастап кетті. Берке өзінің Арықбұға жағында екенін білдіріп Бұлғарда соның атымен теңге соқтырғанымен, іс жүзінде көмек көрсетпеді. Осы бір іріктік кезенді пайдаланып Шағатай немересі Алғұй күшейіп келе жатты. Кек құр қояр деймісің. 1262 жылы Арықбұға қосындарына соққы жасаған ол Хорезмді лезде бағындырып, қаладан Беркеге қарайтын барлық шенділерді қуып шығады. Бұхарда 5 мыңға жетерлік орда әскерлерін қырып тастайды. Ақыры Беркенің басты әскер күштері оңтүстік пен батыста бас көтере алмай жүргенде, Алғұй еш қиналмай басты маңызды сауда қаласы Отырарды басып алады.

Ал Жошы Ұлысының яки Алтын Орда иеліктерінің сонау оңтүстігінде немере ағайындардың қырқысы қарулы қаттығысқа әкеліп соқтырды. 1262 жылы Берке жасақтары Құлағу күштеріне қарсы әскери қимылдарын бастады. Соғысқа сылтау аббасидтердің халифы Әл-Мустасимнің Құлағу бұйрығымен өлтірілуі болса да текетірістің себебі тереңде жатты.

Жошылықтар Шыңғысханның өсиетін негізге ала отырып, Әзербайжан жерін өздеріне қайтарып алғысы келді. Бату хан да қайтарып алуға тырысқан еді. Оның үстіне Құлағу әскерлері бір емес бірнеше рет Әмудариядан әскерін бастап өткен. Бату хан Мөңкенің бұйрығымен жаңа жорыққа үш түмен әскер қосқан. Ол әскерлер Бағдатты алуға атсалысқан еді. Ол кезде Берке билікке келген уақыт. 1260 жылы үш түмен әскердің бірін бастап келген Балаханды Құлағу жазалайды. Артында Тутар мен Құли да белгісіз жағдайда өлім құшады. Бұның бәріне қарап Берке шыдап отыра алмасы анық. Ол баяғы үш түмен әскердің түгел Дешті Қыпшаққа қайтуын, мүмкін болмаса Мысырға өтіп кетуін бұйырды.

## Бірінші Кавказ соғысы

1262-1263 жылдар Бейбарыстың елшілігі қыпшақ даласына келгенде Берке мен Құлағудың арасында Кавказда жүрген ұрыстардың бірінші кезеңі аяқталған еді. Ұрыстарды Рашид ад-дин толық сипаттайды. 1262 жылдың тамызында Ноғай басқарған 30 мың атты әскер Дербенттен аттанады. Оған қарсы Құлағу әскерін алып Шіремүн ноян екі айдан соң Шемахада қарсы жақ әскерлерімен бетпе-бет келіп жеңіліс табады. Бірақ қарашада қосымша күштер жетіп келіп, Ноғай жасақтары қашуға мәжбүр болады. Қол бастаған Абатый ноян желтоқсанда Дербентті басып алады. Шешуші шайқас 1263 жылы қаңтарда Терек өзенінің жағасында өтеді. Шіремүн, Абатый, Абаға басқарған құлағулықтар армиясы ойсырай жеңіледі. Екі жақтан да адам өлімі өте

көп болады. Құлағу әскерлері шегініп жатып, өзеннен өтеміз дегенде әлсіз мұз жарылып, жартысы су түбіне кетеді. Ибн Уасилдың айтуынша, сол кезде Берке: «Өттең, өзімізге өзіміз қылыш ала жүгірмей біріге қимылдағанда жер жүзін жаулар едік қой...» деп өкінген екен. Құлағу Тебризде жаңа жорыққа дайындалады. Оған қоса өз иелігіндегі Алтын Ордадан келген барлық саудагерлердің мал-мүлкін тәркілеуге кіріседі. Ал Дербентті өзіне қайтарған Берке де өз кезегінде парсы көпестерін жазалай бастады.

## Фракияға жорық

1265 жылы түркі-монғолдар Византияға шабуыл жасайды. Берке Византия императорын Константинопольда Мысыр елшілігін ұстап қалғаны үшін жазаламақ ниетте еді (ол елшілік Каирдан 1263 жылы шыққан еді). Сонымен бірге Рукн ад-Дин Қылыш-Арсалан IV өтінішімен тұтқында жатқан інісі Изз ад-Дин Кей-Қабус II босатып алмақ болады. Одақтастардың әскері Константинопольды шабуыл орнына Эннос қаласына бағыт алады. Сол жерден сұлтанды босатып, Фракияның біраз тұрғынын қолға түсіреді. Мысыр елшілерін босатқаннан кейін, жасақтар қыпшақ даласына қайтып кетеді. Беркенің Фракияға жорығы Құлағумен тым қатты жақындаса бастаған Византияға ескертпе еді. Бірақ Византия императорлары қуатты көршісі Елхандармен байланысын үзуді қаламай, екіжақты саясат ұстанды. Берке ағасы Бату секілді әрдайым селжүк сұлтандарының істеріне араласып отырды. Бұнысы Кіші Азия жерінің Алтын Орданың ықпал ету аймағы екенін көрсетеді.

## Екінші Кавказ соғысы (1265-66 жж.)

### Хан Беркенің қазасы

Алғашында Берке мен Абаға бейбіт қатынаста болды. Елхан тіпті Тебризде Беркенің атымен мешіт салдыруға, киім тігу шеберханаларын соқтыруға рұқсатын берген. Бірақ қайтадан іс ушығып, шеберханалардың күлі көкке ұшады. Әскери күштердің қаттығысы басталады. Бұл жолғы жаушылықтың неден туғаны белгісіз. 1265 жылы шілдеде Ноғай бастаған әскерлер Дербент арқылы, Оңтүстік Әзербайжанға басып кіреді. Оған қарсы Абағаның ағасы Үшүмүт қол бастап шығады. Екі жақтың ұрысы 1265 жылы 19 шілдеде орын алады. Қан майданда Ноғай бір көзінен айырылып, сарбаздары кері шегінеді. Елхан негізгі күштермен Кура өзені бойымен жылжиды. Оған қарсы Беркенің өзі бастаған жасақтар жолығады. Екі жақ екі жағалауда қосын құрып, бір-бірін садақпен атқылай бастайды. 14 күн осылай өткеннен кейін, Берке Тифлиске беттейді. Жарты жолда суық тигізіп алып, хан Берке қаза болады. Хан қазасынан кейін әскербасылары соғысты жалғастыра беруді жөн көрмей солтүстікке қайтып кетеді. Парсы деректері бойынша Беркенің денесі Сарай-Батуға жеткізіліп, сонда көмілген. Берке хан Алтын Орданың тарихында ел іргесін нығайтқан, экономикасын дамытқан, ислам тарихында дін жоктаушысы ретінде танымал болған ұлы тұлға болды.

## Берке Сарай (Сарайы) қаласы

Берке Сарай қаласын 1260 жылы Берке хан салдырған. Берке Сарай XIV ғасырдың 1-жартысында гүлденді. 1333 жылы сол қалада болған араб саяхатшысы ибн Баттута: «Жазираға салынған көрікті қалалардың бірі, адам көп. Онда сұлу көшелер мен сәулетті базарлар бой түзеген. Қаланы әр түрлі халықтар: монғолдар, асылар, қыпшақтар, черкестер, орыстар және византийліктер мекендейді...» деп жазды. Берке Сарай қаласын 1353 жылы Әмір Темір күйретті. Берке Сарай қаласының орнына жақын жерде қазіргі Ресейдің Волгоград қаласы тұр.

## Майра АУЕСБАЕВА,

«Бауыржан Момышұлы» атындағы орта мектеп-гимназиясының Тарих пәні мұғалімі.



Суаннан шыққан екен Сатай батыр,  
Ерлігін айтайыншы тілге татыр.  
Кешегі жаугершілік заманында,  
Іздері ерлігінің сайрап жатыр.

Жырымды жүрегімен ұшырайын,  
Несіне өлең сөзден қысылайын.  
Ерлігін ер бабмның жұрт білсін деп,  
Халқыма өлең етіп ұсынайын.

Әкесі Аққабак би ел сұраған,  
Ақының мақтан етіп жыр құраған.  
Ташкенге абыройлы би болыпты,  
Ел еңсесін көтеріп тұралаған.

Гүлденіп келе жатты тау мен дала,  
Айнала малға толып сай мен сала.  
Елжіреп тұрғанында аспан мен жер,  
Дүниеге келіпті Сатай бала...

Үлкені Күдайберді жуас бопты,  
Сатайға би ағаның көңілі тоқты.  
Жанарынан от шашып, ұшқын атып,  
Ал, Сатай жүруші еді топты жарып.

Ала жібін ешкімнің аттамаған,  
Біреуді ғайбат айтып даттамаған.  
Әділдігі аңыз боп тарап кеткен,  
Ел аузында сөз қалған хаттамаған.

Астында Ақбоз аты арындаған,  
Белінде қылыш, найза жарқылдаған.  
Жекпе-жекте жауларын шыдатпаған,  
Болыпты Сатай бабам қарулы адам.

Ақ ішіп, ақ киноді әдет еткен,  
Бір Алла бар тілегін қабыл еткен.  
Ақбоз ат, ер-тоқымы ақ күмістен,  
Осындай қасиеті бізге жеткен.

Арқадан күн, аяқтан сыз өтетін.  
Елінің қыңырларын түзететін.  
Қайқы батыр сыйлаған тас шокпармен,  
Арқастан жау асырмай күзететін.

Жалған сөйлеп жақынын жылатпаған,  
Сүрінгенге сүйеу боп құлатпаған.  
Олжаны жаудан түскен өзі алмай,  
Жаттан да қолын жайып сұратпаған.

Бай-кедей деп ешкімді бөлмейтұғын,  
Өтірік-өсегіне көнбейтұғын.  
Аймағына орнатып әділетті,  
Елінің кем-кетігін жөндейтұғын.

Ешкімнің еш нәрсесін алмайтұғын,  
Жаман іске ешқашан бармайтұғын.  
Тиылып ауылындағы ұры-қары,  
Есігінің ілгегін де салмайтұғын.

Осындай ел-жұртына адал болған,  
Арқастан жау өткізбей қорған болған.  
Елінің тыныштығын күзететін,  
Осындай батыр туған адам болған.

\*\*\*

Жетісуды қалың қалмақ басқанда,  
Қою шаңнан көрінбеді аспан да.  
Сатай бастап атқа қонды батырлар,  
Аяқасты елі үркіп сасқанда.

Ел басына жатқан кезде туып сын,  
Батыр болып халқын үшін туыпсын.  
Сені тапқан айналайын анаңнан,  
Кіндігінді Сарыбелде жуыпсын.

Сары белім Арқас тауын қалқан қып,  
Ұл өсірген, қыз өсірген дарқан қып.  
Ерлік жолы сайрап жатыр бабамның,  
Жауын қуған алдына сап талқан қып.

Қалың жау қаптап келді елімізге,  
Ие болмақ ойы бар жерімізге.  
Ұлыңды құл, қызыңды күң етпекші,  
Билік құрмақ шығып ап төрімізге.

Арда туған Райымбек, Сатайлар бар,  
Бөлек батыр, Бағай мен Аралбайлар.  
Жау жүрек Малайсары ұран салып,  
Қосылған оған жолдас талайлар бар.

Батырдың туған жері – Сарыбелім,  
Жауына қарсы тұрды қалың елім.  
Көрі-жас қару ұстап атқа қонды,  
Жауынан тазартпаққа туған жерім.

Қарамай қатын-қалаш, бала-шаға,  
Ойраттар қырғын салды келе сала.  
Шетінен қырып-жойып, өртеп жатты,  
Қатыгез жау жүрекке жара сала.

Қара халық жауынан аянбады,  
Қалмақтарға ажалдың таянғаны.  
Алдыңғы шеп жағынан біреу келіп,  
Женістің жақындығын баяндады.

Қалмақтар қатты өкінді келгеніне,  
Бөтен ел, бөтен жерге енгеніне.  
Сарбаздар тауға қамап қырғын салды,  
Қазақтар масаттанды жеңгеніне.

Арқастың қамап алды тұйығына,  
Ілінің қазақтардың құрғына.  
Аңғардың есігіне күзет қойып,  
Дайындап қойған еді қырылуға.

Ол күні үлгімеді көз байланып,  
Ертеңгісін қыруға сөз байланып.  
Жауды тұйыққа әкеп қамап тастап,  
Қалың қол қалған еді бір жайланып.

Сондай аяқас Арқаста болған еді,  
Қалың жауды тауға қамап алған еді.  
Қанша мықты болса да жаудың қолы,  
Батырлар ерлік жолын жалғап еді.

Қамалған қалың қалмақ тасты қашап,  
Күні бойы шығыпты жолды жасап.  
Сол жолмен қашып кеткен қамалған жау,  
Ертесі қырмақ болып келсе жасак.

Қашқан жауда әсілі ес болмайды,  
Қорқыныш пен үрейден жан қалмайды.  
Жан алып, жан берісіп өлген артық,  
Қоға түссең қинайды, ол да қайғы.

Содан бері ғасырлап заман өтті,  
«Шапқан жол», «Қашама» деп бізге жетті.  
Қазанкөзде қалмақтарды қырып салып,  
Сарбаздар жеңіс туын желбіретті.

Тігерге тұяқ қалмай қалмақтардан,  
Қырылды біздің батыр саңлақтардан.  
«Ойран төбе» атауы содан қалған,  
Ерлігін атам қазақ жалғастырған.

Кім ойлар тіршілікте қаза барын,  
Нәпсі құмар қалмаққа назаландым.  
Өзі бастап, өздері қырғын тапқан,  
Қалмақтар алып жатты жазаларын.

Жау аударып өздеріне назарды,  
Қайта-қайта алушы еді мазаны.  
Жетісуым батырлардың күшімен,  
Қазақ жері қалмақтардан тазарды.

\*\*\*

Токта-Барлық жерінен хабар келді,  
Хабаршы ат болдырттып әрең келді.  
«Қалмақтар сан жағынан басым түсіп,  
Жеңіске біз жететін әл бермеді».

Деген хабар Қабанбайдан алысымен,  
Қолбасшының ойына қанысымен.  
Жетісулық батырлар кезек-кезек,  
Жекпе-жекке шақырды барысымен.

Қалмақ та жекпе-жек деп жар салады,  
Осылай соғысуды жөн санады.  
Қасқа мінген қалмаққа найза шаншып  
Жеңіске Сатай батыр жол салады.

Күні бойы жекпе-жек тоқтамайды,  
Кеш кіріп күн батпағанда қалады.  
Жетісулық қатысып тоғыз батыр,  
Қоңқайдан басқалары шаттанады.

Қазақты сонша неге басынады,  
Қылыш сермеп садақпен атысады.  
Сатай, Бөлек Токта-Барлық жеріндегі,  
Соғысқа бастан-аяқ қатысады.

Ақыры жау жеңіліп аласталды,  
Кім жек көрсін ренішсіз жарасқан-ды.  
Жоңғария жойылып кете жаздап,  
Құдай да құптамады таласқанды.

Бір істі Сатай батыр түйген еді,  
Найманның бір сұлуын сүйген еді.  
Соғыстан соң Барлықта тұрақтап қап,  
Сол елдің бір қызына үйленеді.

Анамыз ақылы асқан жар болады,  
Некелесіп үлкеннен бата алады.  
Қойкеден салықалы ұрпақ тарап,  
Руы Қойке атымен аталады.

Иеленген соң қазағым бай даланы,  
Қасиеттеп көтермеген жай баланы.  
Шарапаты болған соң атамыздың  
«Сатай» деген руга айналады.

\*\*\*

Адаспайды жақсының көшіне ерген,  
Араласып кетіпті тосын елмен.  
Алыстағы Найманды азат еткен,  
Онда да Сатайлар бар өсіп-өнген.

Еміл мен Шаған тоғай шағын өзен,  
Ерекше бір түйсікпен сезем-сенем.  
Ғасырлар қойнауына жасырынған,  
Сырыңды ашатұғын келді кезең.

Жоғалтып алдым ба деп адаммызды,  
Сәтті қылсын Құдайым қадамымды!  
Сатай бабам бейіті табылған соң,  
Аудардым Найман жаққа назарымды.

Іздеген жетпей қоймас мұратына,  
Алланың үшкір етем қуатына.  
**Әлекендер, Нұрбай мен Болатбайлар,**  
Барып қайтты **Сатайдың** суатына.

Үш жігіт Барлық жаққа барып келді,  
Сатайдың жүрген жерін біліп келді.  
78-дегі қарт жырға Сансызбайдан,  
Сатай ата қорғанын көріп келді.

Долдақан қарт бұл іске себеп болды,  
Аңыз болған әңгімесі көмек болды.  
Сатайға ерегескен Күдеріге,  
«Қасиет қонған ол кісі» демек болды.

Күдері шауып өтті тың даланы,  
Ақылын әке сөзінің тыңдамады.  
Ол өшіп өлгеннен соң алмақ болып,  
Бейітті Сатай жатқан тырналады.

«Сатай, Сатай сары қасқа,  
Сатайды ұрдым мен басқа.  
Тұрмасан тұрмай жата бер,  
Өзім кеттім айқасқа!»

Мүрдені Сатай жатқан сабалады,  
Сатайды өлгеннен соң табалады.  
Күдері бар даусымен айкай салып,  
Емілдің жағалауын жағалады.

Сол күні ұры келіп аңдып жатты,  
Үйіріліп ымырт кезі күн де батты.  
Ұрылар жылқы айдамақ болғанында,  
Жалғыз қара шаңдатып келе жатты.

Аяқасты ұрылар сасып қалды,  
Басына шығып кетті тасып қаны.  
Жасағы Сатай батыр кеп қалды деп,  
Ұрылар желкелерін қасып қалды.

Көрінген Сатай болып елес еді,  
Ешкім де жалған мұны демес еді.

Ұрыға қалың қол боп көрінгені,  
Бабамның қасиетті киесі еді.

Шөбі шүйгін от еді «Суан сайдың»,  
Семіргенін көруші ек құлын-тайдың.  
Сатайдың аруағы желеп-жебеп,  
Жылқысы аман қалды Мәмбет байдың.

Сол үшін құрметтейді бабамызды,  
Сыйлайды үлкен-кіші баламызды.  
Үмбеттің алған жары Суан қызы,  
Аудардық соған енді санамызды.

Баяу сұлу үйретті ұрпағына,  
Құйып жатты жиендер құлағына.  
«Түп нағашың Суандар біліп алғын»,  
Деп еді кішілердің сұрағына.

Жағасы Емілдің құрақ екен,  
Төрт түлік малға жайлы тұрақ екен.  
Мәмбеттің малы шығын болмас үшін,  
Жыл сайын нәзір беріп тұрады екен.

Батырдың болса керек ділі мықты,  
Ұрылар өз ісінен түңіліпті.  
Бабамның қасиет қонған пірі шығар,  
Содан соң мал шығыны тыйылыпты.

\*\*\*

Қара жерде жатыр бабам сүйегі,  
Бүкіл елдің қабыл болсын тілегі.  
Найман елі ерлік жолын бабамның,  
Құрметтейді, қадірлейді, сүйеді.

Өмір керуен тоқтамайды көшеді,  
Тарих бетін аршымасан өшеді.  
Жаугершілік замандарда кешегі,  
Сатай бабам ұран болған деседі.

Жаудың бетін мысы солай басады,  
«Сатайласа» жауы жер боп қашады.  
Сол бабамның өшпейтұғын бейнесін,  
Ұрпақтары қолдан құйып жасады.

Бабамыздың рухына табынам,  
Дұшпанымға жебе болып атылам.  
Қиын кезде Сатай бабам жебеген,  
Ұрпағының мен қасынан табылам!

\*\*\*

Анасы бола білген білікті елдің,  
Нағашы мен жиенді кіріктірген.  
Айналым Баяу апа анамыздан,  
Суан мен Найман елін біріктірген.

Атамызға 2014-те ас берілді,  
Басына биік етіп тас қойылды.  
Ақсақалдар бағыштап құран оқып,  
Аруағына арналған бас қойылды.

Ұржарда естен кетпес жиын болды,  
Бас қосқан Суан, Найман ұйым болды,  
Алыстан ат терлетіп келіп жатты,  
Шақырған құдайы асқа дүйім елді.

Айттылды ақжарма боп жақсы тілеу,  
Жақсысын бізге сыйлап бермес біреу.  
Сәрсенбі, Рамазан, Ергазы, Бақбергендер,  
Осындай іні-ағалар бізге тіреу.

Жайсандар Әли, Иса, Ұландарым,  
Құтты болсын тілекес қадамдарың.  
Исламғали, Нұрәділ, Хамит, Сәбит,  
Бірлігіне Суан-Найман қуанғаным.

Сатай жайлы жаздым дастан құп алыңыз,  
Табылған қорғанына қуаныңыз.  
Оқырман ер бабама дұға ғып қой,  
Қабыл болсын бағыштаған құраныңыз!

Ниеті туған жерді қорғау еді,  
Арнаған ер бабама толғау еді.  
Үш ғасыр өтсе-дағы еске алайық,  
Елі үшін енірген қайран ерді.

Жалғанда адам бар ма тірі қалған,  
Алданып өтетұғын бұл бір жалған.  
Аңсаған арманына жеткізбей-ақ,  
Қара жер талай ерді қойнына алған.

Азырақ өлең еттім білгенімді,  
Ойға оралып, көңілге түйгенімді.  
Сүттей ұйыған Суанның ынтымағын,  
Құдайым бұзбаса екен бірлігімді!

16 наурыз 2020 жыл.

**Сүлеймен КЕРІМБЕКОВ,**  
*журналист.*

# Би Салпық

**Бұл мақалада Суан тайпасының тарихына үнілу арқылы Қазақ хандығынан кейінгі елдігіміздің қалыптасу кезеңіндегі тарихи оқиғаларды зерделеу негізінде ел аузындағы әңгімелерді жүйелей отырып, сол дәуірдің бірегей перзенті Салпық бидің ғұмыры баяндалады.**

«Халықсыз – тарих жоқ, тарихсыз – халық жоқ» деген емес пе. Өткенді зерделеу, тарихқа айналған оқиғаларды жан-жақты әрі тереңінен көре білу ұрпақтар сабақтастығына ұласар заңдылық.

Ежелден қазақ халқы өз тарихын ауызша айтып, естіген сөздерін ұмытпай есінде сақтаған. Сол үшін де бізге жеткен ауызша деректерге құлақ асақ, көптеген деректерге кеңелеміз. Ұлы ойшыл Т.Карлгей «Әлемнің тарихы дегеніміз – ұлы тұлғалардың өмірбаяны» деген екен. Салпық бидің тұлғалық қасиетін зерттеу барысында ел аузынан жиналған деректер молдығымен, тарихи маңыздылығымен, өнегелік өміршеңдігімен еліміздің қасықтай болса да тарихын толықтыра түсетініне көзім жетті.

Әр адамның өз әлемі болатыны сияқты Салпық бидің өмір жолы да дүбірге толы. Әкесі Ілеш тұңғыш ұлы дүниеге келгенде ерекше қуанған екен. Сол дәуірдегі салт-дәстүрге орайластырып, қал-қадірінше шілдехана тойын жасапты.

Тойға көңіл сыйлап, жақсылық тілеп жүретін ағайын-туыс, Жаркент өңірінің жақсы-жайсаңдары, нұқта ағасы Жалайыр құдалар, Найман құдалар және Хантәңіріден Албан құдалар келген екен.

Тойға нөкерлерімен келген Жалайыр, Найман, Албан жайсаңдары сыбағаларынан ауыз тиген соң, Еренқабырға тауының баурайында мақпалдай көк шөптің үстіне қалы кілем төсетіп, арғы-бергі тарихтан бастап, ауыл арасының жаңалықтарымен ой бөліседі. Ілеш ағамыздың ниетін емеурінінен сезген жақсы жайсаңдар балаға ат қою жолын нұқта ағасы Жалайыр құдаларға береді. Ежелден қойы қоралас, елі аралас сары сүйек жекжаттар Суан тайпасының белді руы Мырзамкелдінің белгілі азаматы Ілеш ағамызға алдымен ризалықтарын білдіреді. Қызыл шақа сабиді алдырып, оны еппен қолына алған Жалайыр ата өкілі «тіл аузым тасқа» деп ырымын жасап: «нәрестеге Жалайыр тайпасының ең үлкен тармағы Андастың көсемі болған, шешен, әрі би Балпық әулиенің атын қойсам ауырлау болар, жеті атасынан қарақөк үзілмеген Тоқарыстанның ұрпағы емес пе, шаруасын түгендеп, елінің қамын ойлайтын Салпық ағамыздай азамат болсын» деп азан шақырып «Салпық» деген ат қояды. Жалайыр, Найман, Албан, Қаңлы руынан келген жақсы жайсаңдар кезек-кезегімен баталарын беріп, Ілеш ағамызға ризашылықтарын айтып, ауылдарына аттанады.

Қазақтың ырымына сай әулие-әмбелерден бата алған, Жалайыр атаның баласы аузына түкірген Салпық ағамыз жастайынан өжет те қагілез мінезімен, шаруаға мығым ептілігімен, сөзге шешен алғырлығымен көзге ілінеді. Балпық әулиенің анасы Ақбалық дана «Салпығым – ауылдың иесі» деп айтқандай, Салпық ерте бастан-ақ ел қамын ойластырған бауырмалдығымен, ағайын арасындағы өкпе-наз мәселесін шешуде тапқырлығымен ел аузына ілінеді.

Салпық ержетіп, үйлі-баранды болған соң Ілеш ағамыз ұлының еншісін белгілеп, алдына мал, малдың ыңғайына қарай қоныс бөліп беріпті.

Пешенеге бұйырғаны болар. Туғанда жақсы-жайсаңдардан бата алған Салпық ағамыздың еншісіне тиген жер де малға өте жайлы қоныс болыпты. Көктемде шөбі ерте жетілетін Қойтасты, Аяқсаздан өрбіген мал жаз ортасы шөбі шүйгін, қарағайлы беткей Басатқарағайды жайлаған. Күз ортасында мал бабақоныс Жылбастауға және Салпық сазына келіп тұрақтаған. Қыста мал қамысты, құрақты, қалың шілі Қорғас өзенінің Ілеге құяр сағасындағы түбекте қыстаған. Бұл түбек қар қалың болған жылдары да мал жайылуға ыңғайлы отты өрісі бар және қақпаған суықта да малға қолайлы ықтасын бола алған қоныс. Қандай жұт болса да малды жұтқа бермеген. Сол түбек кейін «Салпық түбек» аталып кеткен, бүгін де солай аталады.

Алладан берілген қабілет пе, әлде бабадан жалғасқан тектілік тегеуріні ме, Салпық ағамыз сол дәуірде өз замандастарынан ой-пайымымен озық болған, өмірге деген жаңашылдық көзқарасымен ерекшеленген сүңгіла жан болыпты. Әкесі берген еншіге көңіл тоғайтпай, өз тірлігін өркендету барысында малшаруашылығымен шұғылдана отырып, Жаркент өңірінде алғашқылардың бірі болып диханшылыққа ден қояды. Еншісіне берілген қыстауы Ку /Буракожыр/ өзенінің шығыс жағы болғандықтан, Арасан шақталының төменгі салмауынан алып, онтүстік шығысқа қарай тастақ беткейге су шығару мақсатында өстен жасап, сол өстен арқылы шыққан суды ку далаға жеткізетін тоған қаздырған. Осы тоған арқылы кәзіргі Әулиеағаш ауылының шығысындағы тастақты қыратқа (жазық алқап) су шығарып, осы суды ысырапқа ұшыратпай Жылбастауға дейін жеткізу үшін арық қаздырған. Салпық бабамыздың жасаған осы игі ісі әлі күнге «Салпық өстен», «Салпық тоған», «Салпық арық» деген атпен ел жадында сақталған. Су шығарған соң қыраттағы кең алқапқа бидай, арпа, сұлы және беде ектіреді. Осылай мал шаруашылығын өркендетудің жаңаша сипатына жол ашады.

Жігіттік жасқа толғаннан кейін Салпық әке жолын қуып ішкі Қытайға /Құлжа, Сүйдің, т.б./ дейін барып, батысында Тәшкен, Самарқан мен Бұқара қалаларын аралап сауда жүргізген, алғырлығы мен мәмілегерлік қасиетінің арқасында саудагерлердің керуен басшысы болады. Керуен басшысы болғанда бабамыз Мырзамкелді ауылының малдарының парқын асырып, саудасын қыздырып, ел-жұртының ырысын арттырған екен. Жайлаудан семіз түскен ерек малдарды ақшаға сатып, түскен ақшаға әр-түрлі кездемелер, киім-кешектер, доқаба, барқыт, пүліш, мәуігі, шәй, жібек және қант, науат, үнді, қытай шайларын сатып алып, елдің қажетін өтеген. Салпық бабамыздың керуен басы қызметінің арқасында ауыл малының барлық өнімі /жүн, тері, т.б./ пұлға айналып, елінің дәулеті толысқан екен.

Салпық бидің саудамен айналысып жүргенде тауарлардың алыс-берісін рәсімдейтін қатынас қағаздарға қоятын екі мөрі (печать) болған дейді. Бірінші мөрі алтыннан құйылып, қытайша жазылған екен. Бұл мөр 1853 жылдары Қытайдың Күре қаласында жасалған. Екінші мөрі Гауһар тастан Лепсі қаласында жасалып, орысша



жазылған деп айтылады. Осы тұс Салпық бидің есімінің шет елдерге де жайылып «сауда Салпық» атының шарықтап тұрған кезі.

Сауда-саттық шаруасымен айналысып Үлкен Түркістан, Кіші Түркістанның ірі саудагерлерімен, байларымен танысқан, тіпті тай тұяқ, қой тұяқ алтын, күміс жамбылдармен де сауда жүргізген. Осы кезеңде Салпық ағамыз еліне «сауда Салпық» деген атпен танылыпты. Алтынмен, күміспен сауда жасаған адам байымағанда кім байыды. Алдына ақтылы қой, үйірлі жылқы, табын-табын сиыр, келе-келе түйелер бітеді, тайпалмас жорғалар мен сәйгүлік, жүйрік аттар, қыран бүркіт пен ұшқыр тазы Салпықтың байлығын жұртқа әйгілеп, Мырзамкелді ауылының сәнін келтіріп, берекесін арттырып, көркін аша түскен. Ел назарына іліккен, көзіне көрінген байлық, ел аузына елек қоя ма? Көп ұзамай «бай Салпық» атаныпты.

Жазба тарихтан Жаркент өңірінің үлкен байларының бірі Вали Юлдашев болғаны белгілі. Жергілікті халық оны Уәлібай деп атаған. Салпық би Уәлібай саудагермен байланыста болып, Жаркенттегі мұсылмандар мешітін салуға үлкен үлес қосқан адамдардың бірі екен. Қытайға, Тәшкентке, Самарқанға керуен басшы боп барған сауда-саттық сапарында сол елдерден мешітке керекті түрлі-түсті бояулар, ою-өрнектерді әкеп, мешіттің игілігіне жұмсаған. Жаркент өңірінде кездеспейтін көрікті ағаштардың көшеттерін, ғажайып гүлдердің тұқымдарын сонау Қытайдан, Тәшкент, Самарқаннан түйеге теңдеп әкеліп, мешіт пен қаланы көркейтеіп, абаттандыруға қосқан Салпықтың үлесі ел аузында сақталған.

Мұсылмандар мешітін салған сәулеткер-шебер Хон Пик пен Уәлібай Юлдашев осы Салпық арқылы танысып, оны қытайдан осы Салпық арқылы алдырған деген әңгімені Мырзахан Жақыбайұлының /1920-1993/ аузынан естіем. Жергілікті сақталған құжаттарға қарағанда мұсылмандар мешіті 1890-1892 жылы салынған. Ал Жаркент қаласының іргетасы тіпті ертеректе қаланғаны тарихтан белгілі. Үлкендердің айтуы бойынша 1850-1860 жылдар арасында Жаркент қаласында Мирманов, Пугачев, Салихов сияқты бай саудагерлердің үйлері болғанын, олармен Салпықтың тығыз байланыста болғанын аңғару қиында түспейді.

1855 қоян жылы, қыстың қатал болатынын ойлаған Салпық ағамыз өзі отбасымен, мал бағатын ағайын-туыстарымен, төрт-түлік малын отарлатып Іленің бойындағы өзінің түбегіне барады. Ақпан айының бас кезінде аяқ астынан өрт шығып барлық жайылымды өрт шалады, екі-үш күн араламай қатты суық боп, қарлы боран соғып, қалған жайылым қар астында қалады. Соны шөбі өртеніп кеткен, оның үстіне қалың қар басып қалған жайылымнан азық таба алмаған соң малдың бәрі аштан қырылады.

Сол жылы наурыз айы кірісімен елге сүзек деген дерт келіп Салпықтың бар бала-шағасы, әйелі, малшылары бәрі опат болады. Өзі, бір көк дөнені және көк барак деген игі дерттен аман шығады. Мұны естіген ел жұрт, туған-туысқандар, ісі Жалайыр, Найман, Албан, Төрелер Салпық бабамның басына түскен зұлмат, апат пен қайғыға ортақтасып қолдан келген көмектерін көрсетіп елдік, ағайындық ниеттерін білдіреді. «Жұт жеті ағайынды» дегендей бір-екі айдың ішінде жұттың үш түрі кайталанған: өрт шыққан, қалың қар жауған, жұқпалы ауру келген.

Осы қасіретті естіген Салпықтың шешесі Урия (Қарашаш) анамыз: «Отгікі – отқа, судікі – суға, дәне пұлым қолымда» деп баласының бас амандығына тәубе еткен екен. Мұнысы Салпықтың саудамен айналысып, алып-сатарлық жасап байығанын жақтырмағаны болу керек деп жорамалдайды әкем Әдепхан Төреханұлы.

Ел ішінде жаманат сөз жата ма. «Туматайдың Салпығының мал жаны түк қалмай қырылып қалыпты» деген суық хабар бүкіл елге тарайды. Осы хабарды естіген Суан елінің ұйтқысы Ақша руынан шыққан ұлы жүздің белді биі Қожбанбет (Ұлы жүзге аға сұлтан болған Тезек төренің үзегілес замандасы) аға баласы /Егізек ағамыздан Мырзамкелді мен Ханкелді тарайды, Салпық Мырзамкелді руының Туматай тармағынан/ Салпық ағамызға көңіл айта келеді. Қожкең жолда көк дөненіне мініп көк итін ерткен Апаханды кездестіреді. Сонда Қожбанбет би: «Е, Апах! Мен сенің басына түскен ауырталықты естіп, көңіл айта келдім. Малыңмен қатын, бала-шағаның қырылып қалғаны Алланың ісі болар. Егер бұл тажал сені алып кетсе, сендей Апаханды мына Суан қайдан табады. «Бала белде, қатын жолда, мал елде» демеуші ме еді, қайғырып, қажыма. Ел іргесі, өр азамат аман болса, барлығы орнына келеді», - деп қайғысына ортақтасып, басу айтады. Мына сөзді «бидің қай айтқаны екен» деп Апахан терең ойға батады.

Кеше ғана жалпақ Жалайыр, Найман, Албан, Суанға «сауда Салпық атанған» Апахан мүшкіл халге түседі. Құдайдың күдіретіне, тағдырдың тауқыметіне ешқандай күш қарсы тұра алмайды. «Артқы айылдың батқанын иесі білмес ат білер, ер жігіттің азғанын туысы білмес жат білер» дегендей алдымен Апаханның нағашы жұрты, туысқандарынан бұрын өздерінің қорғандығын көрсетіп, жанашырлық жасайды. Апаханның нағашы жұрты Урия (Қарашаш) шешеміздің төркіні Албанның Алжанынан тараған ру екен. Жиені Апаханның басына түскен қасіретті естіп сонау Хантәңірінен ат арылтып арнайы көңіл айтуға келеді. Топ бастап келген ақсақал: «Жігіттің басына нелер келіп, нелер кетпейді. Бұл қасірет те ұмытылар. Өрісін малға толар, отбасың жаңға толар. Соның бастауы болсын деп нағашылар жұртынан біраз мал айдаттық» дейді.

Көктем шығып, күн жылынғаннан кейін мал жаз жайлауға жүрерде нағашылар жіберген қоралы қой, үйірлі жылқы да келіп жетеді. Бұл нағашылар жұрты тарапынан орындалған парыз еді. Сол жолы ақсақал шын ниетімен «Отбасында ақсаулық болмай, мәніс болмас» деген, нағашыларына келіп бой жазып, қыдырып кайт. Көңіліне жақса ұнаған қыздың маңдайынан шертіп жүріп біреуін ал», - деген еді. Көңілінде Қожбанбет би айтқан сөз сайрап тұрған Салпық бабамыз нағашы жұрттың бұл ұсынысын қош көрмейді.

Уақытта тоқтау жоқ. «Өлген – жанын ұрады, тірі – тіршілігін істейді» дегендей Салпық бабамыз Қожбанбет бидің айтқанын көкірегіне сақтап, жар таңдауға асықпайды.

«Ел құлағы елу» деген, бір құрдасы келіп, Апаханмен Әгіме үстінде, Сарыбел ауылында тұратын Сатай руынан Өткідей батырдың әпкесі Унияның айттырған жігіті Мырзамкелді руынан екенін және оның алайын деп отырғанда өліп қалғанын айтады. Сонда Салпық құрдасына қарап: «Ей, сен Қожбанбеттің айтқанын дәл үстінен түстің. Өткідей батырға өзім-ақ барып, әпкесіне қолқа салам» дейді.

Өткідей батырмен бұрыннан араласып жүрген Салпық батыр ежелден ауылы аралас, «төскейде малы, төсекте басы қосылған» көршілес отырған Байтүгей ауылына, оның ішінде алдын-ала хабардар болған Қазақбайдың үйіне барып, мән-жайды ұғады. Өзінің аттастырған күйеуіне қосыла алмай, жесір атанып отырған қыздың аты Уния екен. Уния балиғат жасынан аспаған екен. Апахан Унияны көргенде шынымен құлай ғашық болыпты. Уния аққұбаша, бидай өңді, қараторының әдемісі болса керек.

Алланың күдіреті ме, әлде ұқсастық па, әйтеуір Салпықтың шешесінің аты Урия (Қарашаш) болса, ғашық болған қызының аты Уния еді. Бір қарасаң, нағыз сүйіспеншіліктен туған ұқсастық па деп те қаласың. Салпық бабамыз Унияның ата-анасына үлкендер арқылы сөз сап, қалың малын төлеп, Униямен шаңқар көтереді. Салпық бабамыздың Униямен отасқан күнінен бастап дәулеті жүріп, ел ішінде мерейі арта береді. Қолдан ұшқан бақ пен береке қайта оралады. Уния шешеміз Салпық бабамыздан үйелмелі, сүйелмелі үш ұл, бір қыз дүниеге әкеледі.

Көкталдың шығыс жағында халық арасында «Түрген тоғай» деп аталған қалың сейілмен қоршалған «Түргенкент» қаласы болмақ екен. Бұл қаланың тарихы Азия тарихын жете меңгерген академик В.Бартольдтың «Жетісу тарихының очерктері» атты еңбегінен бастау алады. Осы қала туралы тарихи мәліметтер Бексұлтан Нұржекеұлының еңбектерінде барынша қамтылған. «Шыңғысхан туған жеріне жерленген» атты мақаласында Бексұлтан Нұржекеұлы Өбенай Тілеубердінің қытай тілінен аударған «Шыңғысханның құзауырын» оқып отырып, Теміршіның Бұрқаннан қашып барып Түрген тауындағы тоғайға тығылғанын білгенде орнынан ұшып түрегелгенін жазады. Өйткені Бұрқан мен Түргеннің арасы 1,5-2 шақырымдай ғана жер, демек Шыңғысханның осы Бұрқанда тыш-өскені шындық. Түрген деген аттың сегіз ғасыр бойы өзгермегені де осы мақалада келтіреді. Жерлесіміз, тарихшы Қали Ибрайымжановтың «Тұлпардың тұяғымен жазылған тарих» атты зерттеу кітабында осы жәйт соны деректермен толықтырылған.

Міне, Апахан осы Түрген қаласының басшыларымен және шығыс Түркістандағы мұсылман және қытай басшыларымен келісім жүргізіп, ел іргесін аман сақтап, «алып кетті, шауып кетті» азайту үшін үлкен еңбек сіңіріп, ел азаматына тән қызмет істейді. Рулар мен ру арасындағы, ағайын арасындағы әртүрлі дау-дамайды, үлкенді-кішілі кикілжің жанжалдардың дұрыс шешімін тауып, әділдік айтады. Әділдігімен, алғырлығымен жұртшылық назарына ілінген Салпық бабамыз 1865 жылдары 37 жасында бес Мұратқа би болған деседі. Осыдан бастап өмірінің кезекті кезені «Би Салпық» атанған дәуірі басталған екен.

Аумалы-төкпелі аласапыран заманда елінің амандығына қамқор болған батыр-билердің бәрі бірдей мәмілегерлік қызметке ден қоя бермесе керек. Бес Мұратқа билік айтқанымен қатар, осы кезеңде Салпық бабамыз мәмілегерлік қызмет те атқарыпты. Нұрғали Жақыбайұлы /1916 жылы Жаркентте уезінде болыс боп сайланған адам/ айтқан әңгіме жобасында ұйғырлар мен дүңгендер қытайға қарсы көтеріліс ұйымдастырған екен. Қытай қалың ел болса, Орыс іргелі жұрт. Ірі халықтың ірілігі де болуы ғажап емес. Орыстар қытайға көмек көрсетіп, көтеріліске шыққандарды басып тастау қаупі бар екенін ескерген Суан тайпасының көсемдері елін дүрмекке ілесуге күш салған екен. Осы тұста Қожбанбет бимен етене араласқандықтан Салпық бабам Тезек төре арқылы халықаралық жағдайдан хабардар болып, елінің тыныштығын ойластырған дейді.

Қазақ халқының тағдырына үлкен ықпал еткен осы кезең 1860 жылғы Пекин келісімінен бастау алады. 1864 жылы Ресей



мен Қытай арасында «Шәуешек келісіміне» қол қойылады, ал осы келіссөздер 1881 жылы Петербург келісіміне ұласады. Бұл кезең нағыз аумалы-төкпелі, түйіні күрмеленген уақыт еді. Ресей зерттеушісі, профессор, тарих ғылымдарының докторы Владимир Моисеевтің «Орталық Азиядағы Ресей мен Қытай» (19-ғасырдың екінші жартысы – 1917 жыл) еңбегінде: «Шынжаң билігі шекара өтуі мүмкін тұстарға қытай тіліндегі жазулары бар тастар көміп, белгі қоя бастады. Ол жерлерді мекендеп отырған қазақтарды Ресейге қарсы шығуға шақырды» деп жазады. Осындай қиын қыстау заманда, екі алып мемлекеттің құрсауында қалған елінің тұтастығын ойластырып, амандығын сақтаған қайраткерлердің бел ортасында Салпық бабамыз мәмілегерлік қызмет атқарыпты.

Ұлы жүздің аға сұлтаны Тезек төремен тығыз қарым-қатынаста болған Қожбанбет би бес Мұратқа би болған Салпық бабамыздың беделін орынды қолданған. Қытай мен Ресей арасындағы екі елдің шекара сызығы қазақ елін екі жат жұртқа бөліп тастауы шымбайына батқан екі бидің де бар күш-жігері, ынтасы елінің тұтастығын, бірлігін сақтауға жұмсалады. Құлжадағы орыс өкіметімен жақсы қарым-қатынаста болған Салпық бабамыз Қожбанбет би арқылы Ұлы жүздің аға сұлтаны Тезек төренің генерал-майор Колпаковскийге өтінішін жаздыруға мұрындық болыпты деген сөз айтылады. Ол хатта Суан руының Ресейдің тарапынан қорған сұрағаны жазылады. Сонымен, Қытай еліндегі Суан тайпасының көпшілігі бабақоныс Жаркент өңіріне қарай көш түзеді. Осы тұста Қожбанбет би де, Салпық би де Суан елінің Орысқа арқа сүйеп өмір сүруден басқа жолы тығырыққа тірейтінін күн ілгері ойлап, көрегенділік танытқан.

Ақсақалдар айтқан әңгіме ауаны бойынша шекара белгіленген кезеңге дейін /1882 жылдарға дейін/ Салпық атамыз Қорғас шекарасынан шығысқа қарай жатқан кәзіргі қытай жеріндегі Ақсу өзенінің басын жайлап, қыста Іленің сағасына құятын кең алқапты қыстап отыратын ауқатты адам болған екен.

Көнекөз ақылман ақсақалдар Іле аймағын мекендейтін елдің дау-жанжал, талас-тартыс, ұрыс-керістерін тексеріп, ел арасындағы бірлікті көздеген Салпық биді елі сыйлап, Суан елінің басшысы Үкірдай етіп сайлаған дегенді айтады. Сол дәуірде /1882 жылға дейін/ бұл мекен Ақсу өзені кіретін Алатау аймағы деп аталады екен. Биді ел сайлайды, ол анық, ал Үкірдай лауазымы қалай берілетіні бізге беймәлім. Үкірдай лауазымын Қабдеш Жұмаділов «Тағдыр» романында «аға сұлтан» деп аударғанын, ал Мұхтар Құл-Мұхаммет болыс деңгейіндегі лауазым деп аударғанын ескерсек, бабамыздың бір қауым елге билік жүргізгенін байқаймыз. Қалай десек те, Салпық бабамыз осы тұста билікпен қатар мәмілегерлік қарым-қатынасқа көп күш-жігер жұмсаған кезең болған-ау деп пайымдаймын.

Ел аузында сақталған әңгіме сорабында арғы бетте мұсылмандардың қытайға қарсы көтерілісі болған екен. Осы дүрбелеңде Салпық би мұсылмандар жағын қорғап, Суан елінің батырларына басшылық жасапты. Сол кезде Салпық бабамыз «мың бегі» атағын алған екен. Тарихқа сүйенсек, мұсылмандар 1860 жылдары көтеріліске шығып, жеңіске жетіп, Іле сұлтандығын құрған. Орталығы Құлжа қаласы болғаны белгілі.

Салпық атамның етене жақын араласқан замандастары: Ұлы жүзге атағы тараған Қожбанбет би /1815-1883/, Суанға танымал Шәнті би /1833-1900/, Шойнак батыр /1830-1900/, Әткей батырлар /Әткей Қазақбайұлы: 1869-1902/.

Аға сұлтан Тезек төренің замандасы, Суанның бас биі Қожбанбет Қаракерей Қабанбай батырдың жиеншары екені белгілі, сонан соң ба, әлде батырлығына, тапқырлығына тәнті болды ма екен, Туматай батырдың шөбересі /Туматай бабамыз да Қабанбайға жиен болады/ Салпық биді Апахан деп атаған екен.

Апахан билікке араласа бастаған кезде, Найман елінің Қаракерей деген жерінде (кәзіргі Талдықорған облысы Ақсу ауданына қарасты) атақты «шынжыр балақ, шұбар төс» Маман байдың ұлы Тұрысбек билік жүргізген екен. Осы Тұрысбек болыс үш жүзге сауын айтып, үлкен той жасайды /шамамен 1870 жылдары/. Бұл тойға біздің Суандардың жақсы-жайсандары да шақырылады. Суаннан Стамшал болыс, Мұқа, Жанғазы болыстар, Қожбанбет би, Салпық билер барған екен.

Ол кезде Суанға белгілі жүйрік аттар Мұқа болыстың Бөртесі, Стамшал болыстың Торысы, Қожбанбет бидің Күрені, Салпықтың Аққояны мен Сарбауыры, Кебебайдың Қарасы, Жанғазы болыстың Құрбаканы деген аттар екен. Осы жүйріктер Албан, Суан бәйгесінде тіпті қытайдағы дүнген, сібе бәйгелерінде де алдына ат салмаған сәйгүліктер болған деседі.

Осы бәйгеде Салпық бабамыздың «Аққоян» аты топ жарып алдымен келеді. Бәйге жүлдесі тоғыз атқа дейін тігілген екен. Тоғыз-тоғыз басталған, жамбы, күміс, тай-тұяқ қосылған бас бәйге Аққоян мен Салпықтың еншісіне тиіп, Апаханның Аққоян аты үш жүзге әйгілі болады.

Осылай атағы елге жайылған «Аққоян» ат бабамыз «кубас Салпық» атанған кезде Албан нағашылары берген Ақбоз биенің көкшіл құлыны екен. Бабасынан атбегілік үзілмеген Салпық бабамыз көкшіл құлынның ат болатынын танып, тайынан бас білдіріп, тақымына үйретіп ат қылып мініпті. Суанның атағын үш жүзге әйгілеген «Аққоян» орқондай ыргып шабағын өрен жүйрік болыпты. Тұрысбек болыстың тойында, сөреге айдаған аттарға «қайт» дегенде, әккі ат жалт етіп, шұғыл бұрылып қоянша ытқыған көрінеді, сонда үстіндегі бала ауып түсіп қалады. Бір ғажабы,



тізгіні түйілген ат еш кедергіге ұрынбай, жолдан адаспай мәреге келген екен.

Сол тойға Арғыннан Баян деген би келген екен. Той басқарушы жұрттың ортасына шығып: «Халайық, атақты Маман Тұрысбектің жасаған мына дүбірлі тойына Арғыннан Баян би келді, аламан бәйгеден Суанның Аққояны келді. Бәйгенің жолын Аққоян алысын ба, әлде Баян алысын ба?» депті. Сонда Салпық би ортаға шығып: «Аққоян үш жүздің басын қосқан тойда бәйгеден кеп, мәртебемді өсіргені де маған жетеді. Аққоянның бәйгесін Суан да алмайды, Аққоянның өзі де алмайды, мына Арғын атамның баласы Баян би алысын» деп іркілместен жомарттық жасапты.

Бабамыздың «Би Салпық» атанған дәуірі кезеңінде дау-жанжалдарды шешіп, кесімді төрелік айтып, әділ үкім шығарғанын айғақтайтын ауызша деректер жетерлік. Ел тұтастығын ойлап, ағайын арасын ауызбірлікке шақырған саликалы шешімдері әкем Әдепхан Төреханұлының жазып алған нұсқалары бойынша республикалық басшыларда жарияланды.

Мысалы, Салпық бидің Қызайға барып қыз дауына шешім айтуы 1870 жылдардың шамасы болса керек. Осы оқиға 2008 жылы «Ана тілі» газетінде /Қазан айының 2-сі, №40/ жарық көрді.

Найман орта жүз руынан өрбегін Мұрын, Қызай тайпаларының барымташылары Бораталада малдарын отарлатып отырған Ұлы жүз Суан руынан шыққан Салпық бидің (Апахан) ауылына тұтқиылдан барымта жасап, бірнеше үйірлі жылқымен бірге Қаңлының жігітіне атастырып, қалың малы төленіп қойған сұлу бойжеткен қызын тартып алып кетеді.

Бұл дақыртты естіген Байсуан руы уыттанып, елшілікке Салпық биді /Апаханды/ жіберуді мақұл көреді.

Сол жылғы жаз айының соңғы күндері Салпық би елінің ақылшы ақсақалдарын, белгілі батыр, билерін, ат ұстар қосшыларын ертіп, Найман руының Мұрын, Қызай тайпаларына аттанады. Жол жөнекей қонған, түстенген ауылдардан Мұрын мен Қызайдың жөн-жосықты білетін зерделі, беделді ақсақалдары мен батыр, билерін сұрастыра отырып, Мұрын ауылындағы шынжырбалақ, шұбартөс, қарақөк жеті атасынан билік үзілмеген Шонжар (Сасан) болыс ауылына келіп, ат басын тежеп тізгін тартады.

Мен Суанның биімін, Ел түсетін үйімін, Мұрын, Қызай аралап Көргем талай жиынын. Тез арада шешіндер Ток етер сөздің түйінін, – деп екпіндетіп, өлеңмен дау шешімін тездетуді айтқан екен.

Найман шонжары Апаханның айтқан жырларына тәнті болып, елдің береке-бірлігін, туыстығын ойлап, тұтқын қызды босатып, Салпық биге ақ атан тұйе жетектепін Бораталаға дейін сардарларына шығартып салғыздыпты.

Жолда қайтып келе жатып Салпық би (Апахан) серіктеріне қарап, жайдары жүзбен «Егер Мұрын

әпкеміз мұндай бір рулы ел болып тарамаса, ұрпақтары болмаса, бізге мұндай құрмет көрсетпес еді. «Қыз өссе құдағи болады» деген осы екен. Әпкеміздің аруағы қолдады деген осы» деп еліне олжалы қайтыпты.

Салпық бидің шамамен 1880 жылдары Албанға барғанда айтқан саликалы шешімі «Ана тілі» газетінде 2011 жылы /№4 (1049)/ жарияланған. Бұл шешім ағайынды Албан мен Суан руларының арасында барымтаға қатысты болған. Сол жолы Албанның болысы Қайранбай қажы Суаннан ұрланған жылқыларды түгелдей тауып беріп, еліне қайтарған екен. Осы дауды шешкен кезде де Салпық атам айтар ойын да, шешімін де төгіліп өлеңмен айтқан екен. Албанның сол кездегі болысы Қайранбай қажы Салпықтың айтқан тағына разы болып, ат мінгізіп қайтарған екен.

«Ел болған соң ішінде Жакын да бар, жат та бар. Әділ болсаң әр істе, Бақыт та бар, бақ та бар», – деген сөздерді Салпық атам сол жолы айтқан екен.

Салпық бидің Қызайға барғанда айтқан жырлары, Албанның Алжан руынан шыққан Қайранбай болысқа қарымта қайтару мақсатымен өлендетіп айтқан шешімі, төгіліп тұрған сұлу жырлар. Осы шешімдерден Салпық бидің ақындық қабілет-қарымын байқауға болады. Өлеңмен өрілген уәждері ақынның еркін шабытынан туындаған көркем ұяқастар екені даусыз. Әрине, ол кезде ел сеніміне ие болып, би атау үшін әділ

ұстаным, елдің салт-дәстүрі мен әдет-жосындарын жетік білумен қатар шешендік өнерді де меңгеру сол дәуірдің талабы еді.

Салпық атамның Жалайыр еліне барған жолсапары «Биден қалған белгі» деген мақалада толық баяндалған. Бұл мақала 2008 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде /№290-293 (25263)/ жарияланды. Салпық атамның Жалайырдағы Әжібай болыстың қызына құда түскен осы мәселе 1860 жылдары болған. Осы әңгіме Талдықорған облысы Қоғалы ауылында тұратын Әжібай болыстың баласы Сағыбай ақсақалдан жазып алыныпты.

Суан тайпасы Жаркент өңірін мекендегендіктен екі алып мемлекеттер Қытай мен Ресейдің арасында жерінің бүтіндігі мен елінің тұтастығы үшін үнемі атүстіңде жорықпен өткені белгілі. Шамамен 1840 жылдардан созылған аумалы-төкпелі заманда елінің қамын ойлаған Суан руының атақты адамдары Қожбанбет би, Шәнті би және Шойнак, Әткей батырлармен Салпық бабам тығыз қарым-қатынаста болған.

Біздің қасиетті топырағымызда ел аузында аңызға айналған қаншама батыр-билеріміз бар. Бабаларымыздың әрбір жүріп өткен жолы біз үшін шежіре, тарих. Алмағайып заманда елінің тұрақтылығын ұстап, амандығын сақтап калуға ұмтылған тұлғалардың болғаны қазақ халқының өміршеңдігіне куә. Осындай тұлғалар арқасында бабадан келе жатқан рухани алтын көпір жалғасын тауып, келер ұрпаққа өнеге көрсетіп, ой тастап кетті. Халық мұндай ұлағатты ұлдарын аңызға айналдырып, игі істерін ауыздарынан тастамай, әрдайым есінде сақтап келеді. Осындай ұлағатты жандардың бірі бес Мұратқа би болған Салпық бабам. Менің мақсатым да, ел аузында айтылып жүрген бабалардың танымды-тағылымды өмірі туралы әңгімелерді қолыма қалам алып жазба дерекке түсіру еді.


Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Салпық бабамыздың туып өскен жері Әулиеағаш елді мекенінен бір көшеге арнайы есімі берілген болатын. Қу өзенінің кезекті арнасынан аунап тасыған кезінде, баба басына тұрғызылған бір ғасырлық тарихы бар кесененің іргетасына ылғал кетіп, қабырғасы сөгіліп, төбесі құлаған еді. Қытайдан шақыртып алынған шеберлердің оюланған кірпіштен өрген күмбезі бабамыздан қалған ескерткіш-мұра ретінде ұрпақтардың бабалар рухына сыйынатын қасиетті орыны еді. Бабамыздың туғанына 180 жыл толуы қарсаңында, яғни 2008 жылы әкем Әдепхан Төреханұлының бастамасымен және тікелей басшылығымен жаңаланған кесене қайта бой көтерді. Міне, содан бері де бір мүшел жас уақыт өтіпті.

Биыл бабамыздың өмірден озғанына 120 жыл толу қарсаңында Панфилов ауданының орталығы Жаркент қаласында жаңадан бой көтерген ықшамауданындағы көшелердің біріне бабамыздың есімі беріліп жатыр. Салпық бабамызға көрсетілген осындай ұлықтау елінің тұтастығын ойлаған, өмір сүрудің оңтайлы тұстарын таба білген бабамызға деген құрмет.

Осы жаңа ықшамаудандағы көшелерге «Ақтабан шұбырынды» заманының батырлары Аралбай батыр, Бағай батыр, Бөлек батыр, Сатай батырдың және Орбұлақ шайқасының бас кейіпкерлері Елтіңді батыр мен Ұзақ батырдың, Суан руының бас биі Қожбанбет би бастаған Салпық би мен Шәнті билердің есімдері берілгені кейінгі ұрпаққа үлкен ой тастайды. Суан тайпасының бірлігін ұйытып, беделіне сын келтірмеген осы билер мен батырлардың игі істері ұрпаққа үлгі болу үшін, олардың есімі ел жадында сақталғаны жөн. «Өнегелі дана жоқ жерде, өнерлі бала да жоқ» деген ұстанымға сай, ұлағатты бабалардың есімін жаттап өскен ұрпақ, олар салған сара жолды жалғастырады деген сенімдемін. «Бағалай білсең – бар қымбат» дейді, таным мол ұрпақтың рухы да мықты болады.

Есімдері көшелерге беріліп, ұлықталып жатқан бабалар рухы жасай берсін!

**Айбын ТӨРЕХАНОВ,**  
*Салпық бидің шәуешегі.*



# ОЙТОЛҒАУ



17  
Менің дүниеде жаным сүймейтін нәрсем – біреуден бірдене сұрау. Құдайдың емес, өзінде пенденің алдына пенде болып бару қандай қорлық десеңізші! Бірақ, тағдырыңнан қашып қайда барасың. Жаратқан біреуге бақ, біреуге тақ берсе, енді біреулерге сол екеуін де емес, сайраған жақ қана береді екен. «Жақтан» жапырақ та түспейтін заманда, жайқалған ағаш та сенен гөрі байсып көрінеді.

«Адамның күні – адаммен» дегенді де біреу жетіскеннен айтпаған болуы керек. Бәрі өзінде тұрса, адамға күні түсіп кайтеді?!

18  
Қақпанға түскен қасқырдай өз сіңірімді өзім қауып күй кешудемін. Қарға-құзғын секілді бок шоқығым келмейді, әйтпесе, шокитын «бок» қайдан да табылар еді... Ақын деген атымыз бар, ұсақтап тышқан тірлік жасап сол киелі атқа дақ түсіру – намыс. Маған сездірмей, үй-ішінің қиналғанын көргенде қолды бір сілтеп, дүние жолына түсіп кеткім келеді. Бірақ, алдындағы доңыздың харам етінен татпай аштан өліп бара жатқан мұсылман тәрізді соған дөтім бармайды. Бір құмалақ бір қарын майды шірткендей, ақын деген атқа дақ түсіруден жасқанам. Жүрегімді жарып шыққан өз өлеңдерімнен өзім ұялам. Жарым да соны түсінеді-ау деймін, анау жоқ, мынау жоқ деп жақ ашпайды. Қарыздар қысып кеткенде маған байқатпай еңіреп жылап алады. Оны менің құрғыр қу түйсігім түйсініп қалады. Ондайда жұбатарлық сөз таппай, үнсіз булығып, іштен тынам. Өзімді-өзім елдің сорлысындай, адамның қорындай көріп денем түршігеді...

Мені шошындыратын ол да емес. Өмірге бір өлең әкелсем, осының бәрін сәл ұмытып, сергіп қалатыным бар. Мүмкін, жұбайымның да үміт сәулесі осында шығар? Ал, сол үміт дүниеүміз, ертең ешкімге керек болмай, Мұқағали айтқандай «шаң басқан архивтерден» шыға алмай қалса не болмақшы? Өмір бойы еткен еңбегім еш, тұзым сор болып еш қажетке жарамай қалса ше? Менің кім болғаным сонда? «Күніне мың ойлап, жүз толғанам, өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп» Қасым айтқандай, өмір азабынан, өлең азабы көп қинайды...

Кеше бір інім, «көп болды жұмыссыз отырсыз, жеңге, осы сіздің күйеуіңіз жалқау емес пе?» деді қылжақтап. «Жоқ, жалқау емес, өлең жазып жатыр ғой. Өлең жазу оңай болса, екінің бірі, мысалы сен ақын болып кетпес пе едің. Ағаңның да еңбегі жанар, біз де аштан өліп, көштен қалмаспыз» деді жеңгесі жайбарақат. Тірісінде еңбегі жанған ақынның аз болатынын білсем де, келіншегінің мына оптимистігіне сүйсініп қалдым. Рас, аштан өліп, көштен қалмаспыз. Балаларым да өсіп қалды, бірден етіп күн көрерміз. Ал, өлеңімнің күні не болады? Соны ойласам шырты ұйқыдан атып тұрам.

Түн жарымында ойға шомам. Жанталасып, барын да, арын да саудалап дүние қуған адам пысық та, арпалысып ой қуған адам жалқау болғаны ма? Айырмасы, дүние қуғанның қарны тоқ, қайғысы жоқ, тұрмысы жақсы болса, ой қуғанның өресі биік, түйсігі терең, тағылымы тартымды емес пе. Ой қуу мен дүние қуудың бір адамның бойында тоқайласуы сирек құбылыс. Себебі екінің бірін ұстау керек. Қарны тоқтың, ойы да тоғайып, тоқырай бастауы әбден мүмкін. Мол дүниеге мастанбай, ой дүниесін қуатын адам, данышпан-ақ шығар...

Бағың жанса, алыстап қалар қайғы, Адал болсаң, күштісің ар алдында. Дәті шыдап ажал да ала алмайды, Үміт оты сөнбесе, жанарыңда.

19  
«Әр өнер адамының өз жазу машығы, өз зертханасы болады. Ол өзінің жұмыс кабинеті, кітап сөресі, мен секілді кабинеті жоқтардың жазуға арналған шағын үстелі» - деп жазыптын күнделігіме, өткен ғасырдың тоқсан алтыншы жылы, бесінші сәуірінде.

Жеке кітапханамның қоры мыңнан астам. Үйде қоятын орын болмағандықтан ол кітаптардың көбін қаптаға салып сарайға жинап тастаймын. Жаздың күндері көгеріп кетпесін деп, күн көзіне жайып, үйдігімен керегін алмастырып бір аптадай әуреге түсем. Сосын бар байлығым сөредегісі сөреге, қаптағысы қапқа қайта жайғасады.

Бұрындары да сізге айтқан болуым керек, жалпы мен өлеңді тез жазатын адаммын. Бір мысал: дәл күні есімде жоқ, «Жас алаш» газетінің 75 жылдығы қарсаңында ауданымызға газеттің алты журналисті қонаққа келіпті. Соған байланысты педколледжде кездесу болады деп күнбе-күн шақыру алдым. Жарты сағаттан кейін кездесу басталады. Келген қонақтардың біразын мен танимын. Оның үстіне мерекелік көңіл-күймен келіп отыр. Аудандық қаламгерлердің атынан бір ауыз тілек айтуым керек. Ақын деген атымыз бар, тілекті кара сөзбен айта салғаным жөн болмас дедім де, киіне жүріп ойланумен болдым. Сол жарты сағатта бес

шумақ өлең жазып та, киініп те үлгірдім. Осы өлеңім «Жас алаштың» жігіттерінің сол жолғы жолсапары жөніндегі мақалада жарық көрді. Осы жылдың жиырма бірінші наурызында «Алматы ақшамында» Жанболат Сәрсенбайдың «Жаса жастықтың жаршысы» атты мақаласынан да оқып мәз болдым.

Мен өлеңді тез жазғаныммен ұзақ өңдеймін. Әр оқыған сайын өз шығармама қатал сын көзбен қарап, жылдар өткен соң да ұнамаған жерін түзете берем. Көңіліме ұнағандары алғашқы нұсқамен қала береді.

Баланың анасы білмейтін құпиясы аз емес пе, сол тәрізді өлеңнің де бар кемшілігі мен жетістігі алдымен ақынның өзіне мәлім. Оның дүниеге қандай ашы толғақтан кейін келгенін автор ғана біледі.

Менің өлеңдерім адамның өмірі сияқты, оның сәбилік шағы, балалық шағы, бозбала-жігіттік шағы, ересек тартқан кездері бар. Кім қалай екен, мен өлеңдерімді бала, бозбала кездерінен бастап жинап келемін. Сәбилік пен, балалық кезінің басқы белестері сақталмады. Дегенмен, мектеп жылдарындағысының күнделіктерімде аздаған елестері жүр.

Иә, өлеңдерім адамның өмірі тәрізді дедім. Себебі, олар өзіммен бірге біртіндеп есейіп келеді. Балалықтан, жігіттікке, одан ересек кезеңге дегендей. Бұрындары балалық еліктеушілігі, шалыс басқан тұстары, кейіндері жастық қызбалығы, жалындап күйіп-жанған мағаббат машақаты басым болса, енді салмақты ойға, салмақты пікірге ауысқан тәрізді. Өнбойында адам өміріне тән кемшілік-жетістіктің бәрі бар. Мұны айтып отырғаным, мен поэзияға орта жолдан қосылған «жолбике» емеспін. Мамандығым суретші болғандықтан, біреулер сондай ойда қалмасын деп айтып отырмын. Өз ортам, бірге жүрген достарым мен інілерім біледі, мен поэзиядан бір сәтке де қол үзіп көрген емеспін. Студенттік кездегі суретші достарым мен ұстаздарым да «біздің ақын» дейтін. Керісінше, мамандығым, яғни, қылқаламмен екінші планда қалып келеді. Себебі мен өзімді «кәсіпқой суретшім» деп есептеген емеспін, сурет пәнінің мұғалімім деп есептеймін. Бейнелеу өнері мен поэзия туыстас өнер десек те мен суретшілікті педагогикалық дәрежеде ғана меңгеруге ұмтылдым. Ал, поэзия менің өмірлік жан серігім! Солай болған, солай болып қалады да. Қай дәрежедегі ақын екенімді өмір көрсетер, болашақ қазылығын айтар. Ал, қазір жазғандарымды оқырмандарыма жеткізе алмай сергелең күй кешудемін. Мерзімді басылымдарға шыққандары мен пышақтың қырындай «Егіз қаламынан» бастап бүгінге дейін жарық көрген жеті-сегіз жыр кітаптарым шүкір, оқырмандардан өз бағасын алып жатыр. Дегенмен, әдеби ортаға танылуға ол аздақ етуде. Себебі, кез келген шығарма насихатталмаса оның халыққа танылуы қиын-ақ. Ауыл ақындары осы жағынан кемшіл түсіп жатады. Кезінде «АҚҚҰС-ты» құрып, ауылдағы қазақ қаламгерлеріне қамқоршы болуды көздеген қайран Оралхан бауырымыздай азамат қайта тумалы, әттен...

Қазірше «танылмаған таланттардың» бірі болып жүріп жатырмын бауырым. Осы танылмаған күйіме өмірден өтем бе деп ойласам, өзегім өртенеді. Ауылдан ұзай алмаған тағдырыма күйінем.

Мұқан айтқандай, «тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай!»...

20  
Мен адам жанының құбылыстарына көбірек үңіліп, соны көбірек жырылауға тырысам. Онда

да адам мінезінің жағымсыз жақтарын, өмірдің көлеңкелі беттерін көбірек көрсетуге ұмтылам. Себебі, өлең – адамды тәрбиелеуге тиіс. Ұстаз шәкіртінің жақсы жақтарын ғана айтып, көпіртіп мактай берсе, ол шәкірттен жақсы адам шықпауы кәдік. Мектепте үздік оқыған, мақтауды көп естіген оқушылардың дені, шынайы өмірде шатқаяқтап жататынын көріп келеміз. Содықтан, ұстаз шәкіртінің кемшіл тұстарын үнемі оның есіне салып, ескертіп отыруы тиіс. Сол тәрізді өлең де халық тәрбиешісі. Өмірдің көлеңке тұстарын көбірек айтып, адам жанын одан аулақтатуға сабақ болады. Бұл салада (арыға бармай-ақ) Абай һәкімінен бастап, Мұқағали ақынға тірелетін Үлкен Поэзия өмірдегі Ұлы ұстаздық қызметті атқарып келгені ақиқат. Поэзия – кемшілігіңді бетіне айтатын нағыз досың. Дос жылатып айтады... Өлеңдегі жағымсыз мінездер бойында болса, оқып отырып от басқандай күй кешесің. Сол мінезіннен арылсам деп армандайсың. Өмірдің көлеңкелі жағынан жиреніп, шуағына ұмтыласың.

Бәзбір сыныштар «бәлен ақын жылауық, бәлен ақын зарлауық» деп әтүсті сынап-мінep жатады. Өмірдің зары мен мұнын, халықтың қабырғасын қайыстырған қасіретін жырып отырып ақын сол қасірет-мұңның қайдан шығатынын, қайда баратынын айтпай ма? Оқып отырып жүрегің селт етіп, әлде қандай ойға кетпеуші ме едік? Жан-дүниең жамандықтан қашып, жақсылыққа асық болмаушы ма еді? «Жаман айтпай, жақсы жоқ» дейді қазақ. Шындық дегенің осы емес пе!

Ал, өтірік көлгірсіп, өзіндей пендені қыран мен сұңқарға теңеп, өмірді жұмақ, адамды құдай көрсетудің қаншалық қажеті бар? «Адам бір, бок көтерген боқтың қабы, боктан әрмен сасиды өлсе-дағы» деп шырылдады Абай. Ұлы ақын осы ашы ақиқатты ерікпеннен айтып па еді? Қанша асыптасан да, қанша салтанат-билікке ие болсаң да, кім екеніңді ұмытпа деп тұрған жоқ па? Ақиқат, нағыз ақиқат осы емес пе! Ал, біз ақиқатты айналып өтуге құмармыз.

Өмірдің қасіретін сезінбесек, қасиетін қадір тұта аламыз ба? Ендеше ат қойып, айдар таққанша өлеңнің айтпақ болған мұң-зарын түсінуге тырысқанымыз жөн болар. Мұны айтып отырғаным, өзімді ақтағаным емес, шындықты жақтағаным. Өлеңдерімде өмірдің шері, заманның кері басым болса, ол менің қуанышты көрмегенімнен емес, соған шөлдегенімнен деп түсінерсіз

21  
ПОЭЗИЯ дегеніміз – Ақын адамдарға айтарын тәтті мұңға мағырып, сезім шуағына орап, көркем тілмен кестелеп, шумақтармен дестелеп, тебірендіріп, толғандырып, толқытып, тамсандырып, өкндіріп, ашындырып, асқақтатып жеткізуі.

22  
Өмір қандай тәтті, қандай қызық десеңізші! Ол қиындығымен де, қысқалығымен де ғажап тәрізді көрінеді маған. Жас кезінде ересек болуға құмартып, күн өтпейтін болушы еді. Ересек болып алған соң, күннің шыққаны мен батқаны қас қағымдай сезіліп, апта мен айдың жылжып өте шыққанын байқамай қалып жүрміз-ау...

23  
Тарих – адамдар тағдырының жиынтығы десек те, ол да жеке тағдырлар сияқты адасады, қателеседі, өкінеді, күйзеледі және бірнеше ғасыр өткеннен кейін де қателігін түзетіп жатады...

Бала күнімде шешемнен «Хандардың әуелі де Шыңғыс, ақыры да Шыңғыс» деген сөздерді естіп, санама сіңіп қалды.

Есейген кезімізде Талдықорған қаласына баратын жолда Алтынемел асуынан өткенде

әкемнен «Алтынемел» деген не мағына береді?» деп сұрағам. «Алтын дегені түсінікті, ал, «емел» дегені қалмақтардың тілінде «ер» деген сөз екен. Кәдімгі атқа ерттейтін ер. Осы жерде Шыңғыс ханның алтын ері ұмыт қалып, сода бұл асуды «Алтынемел» деп атап кетіпті» деген әкемнің сөздері әлі құлағымда тұр. Сарыөзектен өткенде жолдың сол жақ қапталында түндігі жоқ киіз үй тәрізді шоқы кездеседі. Осы тұсқа келгенде әкем, «анау шоқыға Шыңғыс хан шатырын тігіп, қоныс еткен екен» деді тағы... Осындай әңгімелерді кейін де талай адамдардан естідім. Ол кезде оны аңыз деп түсіндім.

Ал, бүгін ше?... Шыңғыс хан, Ұлы Қаған қазақ екен, өзіміздің Жалайыр руынан шығып, Іле өзенінің бойында дүниеге келіпті деген мәлімет айқындала бастады.

Әйгілі жазушы Мұхтар Мағауин қазақ хандығын Шыңғысханның таратыпты дегенде таңқалғаным рас. Таңқалсам да бұл пікірді өз басым жатырқаған жоқпын. Шыңғыс қағанның түбі Көк Түрік, оның ішінде қазақ тұқымынан екені менің санама бала кезімнен апамның әңгімелерінен сіңісті болғанынан шығар... Ілешала жарияланған қос Мұхтардың таласы да өз пікірімді өзгерте алмап еді...

Жоғарыда айтқандай «Хандардың әуелі де Шыңғыс, ақыры да Шыңғыс» дегенде, «Апа, әуелі кім, ақыры кім?» деп сұрағаным есімде. (күнделігіме осылай жазыптын). Сонда апам, «Бұл менің айтқаным емес. Елден естігенім. Әуелі деп отырғаны жарты әлемді жаулап алған, біздің хандардың түп атасы Шыңғыс хан. Ақыры деп отырғаны, ақ патша орнынан түсірді дейтін Шыңғыс атты хан болыпты дейді. Ол жағын көздерің ашық, сендер білесіңдер ғой, одан кейін қазақта хан болмапты, ақыры дейтіні сол екен» деген еді.

Сонда ойлағам, «қазақ хандарының түп атасы болса, қазақ шығар, бірақ оны мұңғұл ханы дейтіні несі екен?» деп.

Кейіндері ескі жазбаларда Шыңғыс ханның түбі қазақ деген пікірлерді оқығаным есімде, кім жазғандары жадымда қалмапты.

Ал, Мағжан Жұмабаевтың 1989 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан кітабынан әйгілі «Түркістан» атты өлеңіндегі «Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!» деп келіп,

«Тумаиды адамзатта Шыңғыстай ер,  
Данышпан, тұңғық ой, болат жігер.  
Шыңғыстай арыстанның құр аты да,  
Адамның жүрегіне жігер берер», – дей келіп Қағанның ұрпағын таратып жазғанын оқыған едік. Содан бастап Шыңғыс хан туралы түсініктеріме сәуле түсе бастаған...

«Ана тілі» газетінен (47, қарашаның 20-сы, 2008 жыл) өзім сүйсініп оқыған «Дулығаны» авторы, жазушы Тұрсын Жұртбайдың «Монғол жерінің шаңын үрлесен, түркі тарихы бой көтереді!» атты сұхбатында: «Шыңғыс ханнан бас тарту – қазақ хандығынан бас тарту. Қазақ хандығынан бас тарту – қазақ мемлекеттігінен бас тарту болып табылады. Біздің бүкіл мемлекетіміздің белгісі – қазақ хандары көтерген тудың астына жиналғанымызда. Шыңғыс ханды ата жауымыздай емес, ата ханымыздай мойындауымыз керек. Тарихтың үкімі осындай...» деген пікірі әлгі ойларымды шегелей түсті.

«Қазақ әдебиетіне» өз бауырым Бексұлтан Нұржекеұлының «Шыңғысхан – Іле өңірінің ұланы» атты зерттеу мақаласы шыққанда әр жолының астын сызып оқыдым. Бекен Тілеуберді Өбенайұлының қытай тілінен өзі аударған «Құпия шежіренің» құпиясы» (Алматы, 2010), «Түгел тауарихтың түбінде не жатыр?» (Алматы, 2011) деген екі кітабын негізге ала отырып, ондағы айтылған мәліметтерді салыстыра отырып, қолмен қойғандай Шыңғысханның түп-түқиянын, туып-өскен аймағын дәлелдеп берген. Аталмыш газеттің №17, 35, 73-ші сандарындағы мақалаларды санамен сараптап, ой елегінен өткізіп болғаннан кейін Шыңғыс ханның «ата ханымыз» екеніне шүбәм қалған жоқ.

...«Шыңғысханның қалмақ болғанынан, қазақ болғанынан енді не өзгерде? Баяғыда сүйегі қурап қалған Қаған қазаққа енді не береді?» деді, көзі ашық, көкірегі ояу деп жүрген бір ағамыз. Қолыма қалам алғызған да оның осы сөзі еді.

Япыр-ай, дәл осылай ойлайтын адам осымен бітіп, осымен кетсе екен деп қынжылдым іштей. Әй аға, дедім сосын, саған мен емес, Мағжан ақын: «Шыңғыстай арыстанның құр аты да, адамның жүрегіне жігер берер...» деп тұр ғой...

Тарих қателігі түзеліп, дүние жүзінің саналы адамдары Шыңғыс қағанның туып-өскен елі мен атамекенін Қазақ елі деп мойындаса, ақиқаттың айтулы жеңісі болар еді-ау...

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ,  
Қазақстан Жазушылар және  
Журналистер одағының мүшесі,  
Панфилов ауданының  
Құрметті азаматы.



# СОҢЫҢДА ҮЛГІ БОЛАР ІСІҢ ҚАЛДЫ...



**Елімізге белгілі журналист, қабырғалы қаламгер Жазылбеков Ғалым дүниеден өтті деген хабарды естіп, жан дүнием алай – дүлей күйге түсті. Өткенде біздің үйге келіп, мына хатты беріп кеткен еді. Соны толығымен жазып отырмын.**

*Құрметті Ғабдулла аға!*

Өзіңіз білесіз, менің мамандығым журналист қой. Университет бітіргеннен кейін Алматы қаласында облыстық «Жетісу» газетінде, сонан кейін Талдықорғанға қоныс аударып, облыстық «Октябрь туы», 1987-1989 жылдары аралығында Панфилов аудандық газетінде бас редактор болдым. Одан кейінгі 35 жылдық өмірім мемлекеттік қызметпен өтті. Сөйтіп, жазу-сызудан біраз қол үзіп қалдым.

Енді міне жазуға мүмкіндігім туды. Біраз дүниелерді екішеп, оны жалғастырайын десем, өзіме беймәлім, бірақ арғы жақтан келген ағайындардың аузынан естіп жүрген кейбір сөздердің мән-мағынасын түсіну қиынға соғып жүр.

Сонымен бірге, аржақтағы жер атауларын білгенмен, оның шамамен қай жерде, табиғаты қалай екендігі түсініксіз. Жазу кезінде келтірілетін кейбір детальдарға келгенде сүренаттап қалу жағдайы жиі кездеседі. Сондықтан, рухани жағына бейім адамсыз ғой, осыған бір көмектесер деген ойдамын.

Мәселен, кәтіп, ақалақшы, шерік, сақшы, зәңгі деген сөздер кездеседі. Оның мәні не? Мен үшін түсініксіз.

Сондай-ақ, Қытай жеріндегі Құлжа, Чимпанзе деген қалалар қандай? Жалпы аумағы қандай? Қандай әлеуметтік маңызы бар? Осы жақтан ауып барған ағайындар (суандар) негізінен қай жерлерге қоныстанған?

Мазы жайлауы қай жерде? Қорғас ауданының аумағын білесіз бе? «Үшбұлақ» мектебі шамамен қандай? Орта мектеп пе?

Мейірман Ермектасов, Әбіләкім молда (Ғабдул хәкім Игенбайұлы), Мұқа болыс, Сүлеймен ақалақшы, Кенжебек ақалақшы, Шаяхмет, Байбазар, Нұрғали, Нұрбек, Қожаназар полковник, Тоқбай қажы, Батырғали, Шәмей, Мәмітәжі деген кімдер? Олардың халық арасындағы беделі қандай болды? Атқарған қызметтері жөнінде берер мағлұмат болса, жарар кетер еді.

«Ши базы», «Жарқұдық», «Жирен айғыр» деген жерлер қай жерде, Шежіннің маңайы ма?

Аға! Жоғарыда аталған елді мекен атаулары мен аты аталған адамдар жөніндегі деректерді білсеңіз маған асықпай, мамыр айына дейін қағазға түсіріп, көмек беруіңізді сұраймын.

Құрметпен, інііңіз Ғалым Жазылбеков.  
8 қаңтар 2020 жыл.

Алдына қойған осындай мақсаттары бар еді, амал қанша, ойлаған мақсатына жете алмай дүниеден озды. Бір кем дүние деген осы шығар. Осындай алдына қойған жоспарын елі-жұрты біле жүрсін деген ниетпен газет бетіне жолдап отырмын.

Құрметті Ғалымның ет жақын туыстары, қызметтес болған әріптестері, сонына еріп үлгісін алған іні-қарындастары, барлықтарыңызға көңіл айта отырып, марқұмның жатқан жері жәйлі, топырағы торқа, иманы жолдас болғай демекпін.

Келінім Зәуре берік болғайсың! Ғалымның отын өшірмей, түтінін түзу шығарып, балаларға бас-көз болғайсың. Сабырлық сақтап, Алланың бергеніне де, алғанына да, риза болу лазым! Әрине айтуға оңай дүние болғанмен, Алланың алдында шарасызбыз.

Ойымды жинақтай келе, марқұмның рухына тілегімді мына шумақтармен білдіре отырып, аяқтаймын. Алла тағала қабыл еткей!

Иманың жолдас болсын, Ғалым інім,  
Өсіп едің, жастайыңнан алып білім.  
Пайғамбардың жасына келгеніңше,  
Ерінбей еңбек еттің, алмай тыным.  
Соңында үлгі болар ісің қалды,  
Зәурей сүйенішің, жарың қалды.  
Өркендеп, өсе берсін ұрпақтарың,  
Тілегімді білдірем, жүрек жарды.  
Көңіл айтам, ет жақын туысына,  
Кенелсін, бұл пәнидің ырысына.  
Мәңгілік ешкім жоқ қой бұл жалғанда,  
Ажал жетсе, кірер жер қуысына.  
Дұғамды бағыштаймын азаматқа,  
Рухың жетсін биік жеті қатқа,  
Мамандығың журналист болғандықтан,  
Еңбектерің талай-талай түсті хатқа.  
Армандарың көп еді алға қойған,  
Арыла алмай жүрдің қалың ойдан.  
Бәрін тастап, бір күнде кете бардың,  
Деген осы екен ғой дүние жалған.  
Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болып, Алла-  
тағала иман байлығын бергей!

**Ғабдулла БАЙНӨСЕРОВ.**  
Талдықорған қаласы.



Талдықорғандық туысқандар арасында



## Жақсысы еді-ау, Жаркенттің!

Басы тұйық, соңы жұмбақ жол мынау,  
осы жолды талай оймен шолдық-ау...  
Сіз туралы енді міне Ғалеке,  
өткен шақпен сөйлейтұғын болдық-ау...

Сіз бұл жолдың соңы барын білгенсіз,  
білсеңіз де, білмеген боп жүргенсіз.  
«Сен екеуміз жазылмайтын дертпенен,  
тағдырласпыз...» деп әзілдеп күлгенсіз...

Ия, солай, өмір деген өтпелі,  
білінбейді келгені де, кеткені.  
Талай ағаш ақсөнке боп қуарып,  
талай шыбық бәйтерек боп көктеді...

Журналистсіз, қаламгерсіз қарымды,  
көп жаздыңыз көпке ұсынар тәлімді.  
Жазылбеков жазған дүниелердің,  
барлығы да ел-жұртыңа мәлім-ді.

Қалған кезде анда-мұнда кезігіп,  
жүретінбіз жүрек сырын тез ұғып.  
Маған деген сөзіңізден әйтеуір,  
тұрушы еді бір жылдылық сезіліп.

Керегі жоқ түйсінуге ақылдың,  
жыры айтады ішкі сырын ақынның.  
Өлеңімді елеусіздеу сұрап ап,  
костырыпсыз кітабына әкімнің.

Кеше ғана алғыс айтқам сол үшін,  
(мынау өмір толы сұрақ, толы сын).  
Сіздей адам көп болса ғой шіркін-ай,  
қаламдасқа беріп жүрер қол ұшын...

Талай жанға жүрек нұрын септіңіз,  
солар үшін маңдай терін төктіңіз!  
Бұл өмірге ешкім мәңгі келмейді –  
амал қанша, Сіз де міне өттіңіз.

Уақыт тұрар арасында жер-көктің,  
бере алады өз ғұмырын өлшеп кім?!  
Жүрегінде сөз түсінер халықтың,  
сақталасыз жақсысы боп Жаркенттің!

25.03.2020 ж.



**Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ,**  
Қазақстан Жазушылар және  
Журналистер одағының  
мүшесі.

# ҚАҒАЗ ХАЙУАНАТТАР БАҒЫ

**Авторы Кен Лю – Қытай-американ жазушысы, ғылыми фантастика және фэнтези жанрының аудармашысы. «Қағаз хайуанаттар бағы» шығармасы «Үздік әңгіме» номинациясы бойынша 2011 жылы «Небьюла», 2012 жылы «Хьюго», 2012 жылы Дүниежүзілік фэнтези сыйлықтарына ие болған.**

Менің ертедегі естеліктерімнің бірі жылап отырғанымнан басталады. Әкем мен анам қанша тырысса да, мені жұбата алмады. Әкем мені жатын бөлмеге қалдырып, шығып кетті, бірақ анам мені асуіге ертіп әкеліп, таңғы асқа отырғызды.

– Кан, Кан, – деп дауыстады ол, тоназытқыштың үстінен орама қағаз парағын алып жатып. Біраз жылдардан бері анам Рождестволық сыйлықтардың сыртындағы орама қағаздарын абайлап кесіп алып, оларды тоназытқыштың үстіндегі қалың үймеге жинап отыратын. Ол қағаздың түзу жағын жоғары қаратып, бүктетіп бастады. Мен жылғанымды қойып, қызыға қарадым.

Анам қағазды аударып қайта бүктетіп, қағазды алаканында көрінбей кеткенше бүктетіп, қырлады, қайырды, орады, шиыршықтады да және орады. Соңында ол бүктелген қағазды аузына апарып, оны шар тәрізді етіп үрледі.

– Кан, – деді ол. – «Лаоху».

Ол екі қолын үстелге қойып, алаканын ашты. Үстелдің үстінде жұдырықтай ғана кішкентай жолбарыс тұрды. Жолбарыстың терісі орама қағаздағы өрнектердей, ақ қағаздағы қызылала көмпиттер мен жасыл Кристиас шиыршаларының түсіндей болып шығыпты.

Мен анамның жасаған затын қолыма алдым. Ол құйрығы қайқайып, менің саусағыммен ойнап тұрды. Жолбарыс «ырр» ете түсті. Дыбыс мысық пен қағаз сытырының аралығындай бір жерден шықты. Мен қорыққанымнан күліп жіберіп, сұқ саусағыммен оның арқасынан сипадым. Қағаз жолбарыс менің саусағымның астында пырылдай дірілдеді.

– «Чжэ цзяо-чжи», – деді мамам. Мұны оригами деп атайды. Мен мамамның жаратылысы ерекше адам екенін ол кезде білмеймін. Анам оларға өз тынысымен бөлісе дем беріп және солай бірге өмір сүріп жатты. Бұл оның ғажайып сиқыры еді.

\*\*\*

Әкем анамды каталогтан тауыпты. Бірде мен жоғары сыныпта оқып жүргенімде әкемнен анық-қанығын сұрадым. Ол мені тағы да анаммен сөйлестіруге тырысты.

Әкем 1973 жылдың көктемінде таныстыру қызметінің көмегіне жүгініпті. Ол беттерді парақтай отырып, анамның суретін көргенге дейін көп тоқталмаған. Мен анамның бұл суретін ешқашан көрмеген едім. Әкем оны былай суреттеді. Анам камераға бір қырымен қарап орындықта отыр, үстіне тығыз жібектен тігілген, жасыл чонсам киген. Басын камераға бұрғанда, көркем ұзын қара шашы кеудесі мен иығына төгілді. Ол маған баладай алаңсыз көздерімен қарап тұрды. «Бұл мен көрген каталогтың соңғы беті еді» деді әкем.

Каталогта оның он сегіз жаста екені, билегенді ұнататыны және ағылшын тілінде жақсы сөйлейтіні жазылған, өйткені ол Гонконгтан болатын. Кейін бұл мәліметтердің ешқайсысы да шындық болмай шыққан.

Әкем оған хат жазып, ал компания олардың хабарламаларын ары-бері тасымалдап тұрыпты. Ақыры әкем онымен кездесуге Гонконгқа ұшып барыпты. «Компаниядағылар оның жауаптарын жазып отырыпты. Ол «сәлем» мен «сау болдан» басқа ағылшынша сөз білмейді екен.

Қандай әйел өзін сатып алуға болатындай етіп каталогқа енгізеді? Мен жоғары мектепте оқып жүргенімде барлық нәрсе туралы бәрін білемін деп ойлайтынмын. Жиіркенішім шарап секілді жақсы сезілді.

Әкем компанияның кеңсесіне барып ақшасын қайтаруды талап етудің орнына, мейрамханадағы даяшыға аударма жасап беру үшін ақша төлейді. «Мен сөйлеп тұрғанда, ол маған қорқыныш пен үміт қатар ұялаған көздерімен бадырая қарап тұр еді. Ал, даяшы қыз менің айтқанымды оған аударма бастағанда, ол жайлап күлімсірей бастады».

Әкем қайтадан Коннектикутка ұшып келіп, оның келуіне қажет құжаттарды жинап бастаған екен. Мен бір жылдан соң Жолбарыс жылы дүниеге келіпін.

\*\*\*


Менің өтінішім бойынша анам орама қағаздан ешкі, бұғы және сусырды да жасады. Лаоху артынан ырылдай қуғанда, олар қонақ бөлмені айнала қашатын. Ол ұстап алғандарын желі шығып, тегіс бүктетілген қағазға айналғанша басатын. Содан кейін, мен оларды қайта жүгіре алу үшін тағы үрлейтінмін.

Кейде жануарлар қиыншылыққа тап болатын. Бірде сусыр кешкі ас кезінде үстелдің үстіндегі соя тұздығының ыдысына секіріп кетті. (Оның нағыз сусыр сияқты аунап жатқысы келген болу керек). Мен оны тез шығарып алдым, бірақ сұйықтық аяқтарына сорылып, қағазға сіңіп кеткен еді. Тұздықтан жұмсарып кеткен аяқтары оны көтеріп ұстап тұра алмай, ол үстел үстінде құлап қалды. Оны күнге кептірсем де, кейіннен аяқтары қисайып кетіп, ақсандай жүгіретін болды. Ақыры анам оның аяғын жанына жайлы тиетіндей ғып, полиэтиленмен орап қойды.

Сондай-ақ, Лаоху екеуміз аулада ойнаған кезде, ол торғайларға шабуыл жасағанды ұнататын. Бірақ бір жолы бұрышқа тықсырылған кешкі құс жанкештілікпен қорғанып, құлағын жұлып алды. Мен құшақтай алғанымда, ол ауырсына қыңсылады, мамам оның құлағын скотчпен жамап қойды. Осыдан кейін ол құстардан аулақ жүретін болды.

Мен бір күні қатырандар! туралы телебағдарлама көріп, анамнан қатыран жасап беруін сұрадым. Анам жасап үстелдің үстіне қойып еді, ол жүзбекші болып, сүлесок күйде желбезектерін сытырлатты. Мен раковинаны суға толтырып, соған салдым. Қатыран көңілдене айналып жүзіп жүрді. Алайда, біраз уақыттан кейін ол дымқыл тартып түссізденді де, ақырындап, қатпарлары жазылып су түбіне батып кетті. Оны құтқаруға ұмтылып едім, бірақ ұстаған кезде менің қолымда жібіген қағаздың ыдырандысы ғана қалды.

Лаоху алдыңғы аяқтары раковинаның киесіне тіреп, оған басын қойды. Құлағын төмен түсіріп ақырын ырылдады, мен өзімді кінәлі сезіндім.



Анам маған қатыранның жаңасын жасап берді, бұл жолы жұқалтыр қағаздан жасапты. Бұл қатыран алтын балыққа арналған үлкен аквариумда бақтты өмір сүрді. Біз Лаоху екеуміз аквариумның жанында отырып, жұқалтырдан жасалған қатыранның алтын балықты қуалағанын қызықтағанды ұнататынбыз. Лаоху аквариумның ар жағында отырып, оған бетін тақағанда, мен, әйнектің ар жағынан маған тесіле қараған оның шай кесенің көлеміндей бадырайған көздерін көретінмін.

\*\*\*

Мен он жасқа келгенде біз қаланың басқа жағына жаңа үйге көштік. Бізбен амандасуға екі көршіміз келді. Әкем оларға сусын әкеліп беріп, бұрынғы пәтер иесінің төлем есептерін дұрыстауға байланысты коммуналдық қызмет бөліміне баруы керектігін айтып кешірім өтінді.

– Өздеріңізді үйлеріңізгедей сезініздер. Менің әйелім ағылшынша жақсы сөйлей алмайды, сондықтан, сіздермен сөйлеспегенге ол әдепсіз деп қалмаңыздар, – деді.

Мен асханада кітап оқып отырғанда, анам ас бөлмеде заттарымызды шығарып жатты. Көршілер қонақ бөлмеде әңгімелесіп отырды, олар ақырын сөйлеуге тырыспады да.

– Ол өзі дұрыс адам сияқты. Неге бұлай жасады екен?  
– Аралас нәрсе ешқашан дұрыс болмайтын сияқты. Жетілмеген бала секілді көрінеді. Қышқ көз, жүзі боп-боз. Кішкентай құбыжық.  
– Ол ағылшынша сөйлей алады деп ойлайсыз ба?  
– Әйелдер үнсіз қалды. Біраз уақыттан кейін олар асханаға келді.  
– Сәлем! Сенің есімің кім?  
– Джек, – дедім мен.  
– Бұл мүлде қытайшаға ұқсамайды.

Анам сол кезде асханаға кірді. Ол әйелдерге жымия қарады. Үшеуі мені үшбұрыштап айналып тұрып, әкем қайтып келгенше бір-біріне күлімсіреп, бас изегеннен басқа ештеңе айтпады.

\*\*\*

Бірде көрші балалардың бірі Марк өзінің «Жұлдызды соғыстар» пішіндерін алып келді. Оби-Ван Кенобидің сәулелі семсері жарқылдап, қолын бұлғап, қатаң үнмен «Күшінді қолдан!» деп дауыстайтын еді. Бірақ маған оның пошмына нағыз Оби-Ванға ұқсаймайтындай көрінді.

Біз оның бұл ойынның кофе үстелінің үстінде бес рет қайталап көрдік. «Ол бұдан басқа бір нәрсе жасай ала ма?» - деп сұрадым. Марк менің сұрағымна шамданып қалды. «Барлық бөлшектерін көріп шықсаншы» - деді ол.

Мен барлығын көріп шықтым. Бірақ, не айтарымды білмей абырғап қалдым. Марктің менің қылығымнан көңілі қалып қалды. «Маған ойыншықтарыңды көрсетші». Менің қағаз хайуандардан басқа ойыншықтарым жоқ еді. Мен Лаохуды жатын бөлмемен алып шықтым. Осы кезге дейін ол әбден тозған, скотч пен желімнің барлық түрін жамалған, бұл анам екеуміздің оны ұдайы жөндеген жылдарымыздың дәлелі еді. Ол бұрынғыдай епті және өзіне нық сенімді емес-ті. Мен оны кофе үстелінің үстіне тұрғызып қойдым. Артыман дәлізде қонақ бөлмеге үрке, ұрлана қарап тұрған басқа жануарлардың да тыпырлаған аяқ дыбыстарын естідім.

– Сю Лаоху, – деп барып, мүдіріп қалдым. Содан кейін ағылшынға көшіп: – Бұл – жолбарыс, – дедім. Лаоху жайлап жақындап барып Марқтың қолын иіскей пырылдады.

Марк Лаохудың терісіндегі Рождестволық орама қағаздың үлгісін мұқият қарады.

– Бұл жолбарысқа мүлдем ұқсамайды. Саған анаң ойыншықтарды коқыстан жасап бере ме?

Мен Лаохуды ешқашан коқыс деп ойлаған емеспін. Бірақ, қазір қарасам, ол шынымен де жай орама қағаздың бір парағы ғана екен.

Марк Оби-Ванның басын тағы қозғады. Сәулелі семсері жарқ етті де, қолдарын жоғары-төмен сермеді. «Күшінді қолдан!»

Лаоху бұрылып барып бас салды да, үстелдің үстінен пластик пішінді қағып түсірді. Ол еденге құлап түсіп, тас-талқаны шықты. Ал Оби-Ванның басы диванның астына домалап кетті. Лаоху «ырррр» деп барып күліп жіберді. Мен оған қосыла күлдім.

Марк мені бар пәрменімен періп жіберді. «Бұл өте қымбат болатын! Қазір оны ешқандай дүкеннен таба алмайсың. Бұның құны сенің әкеңнің шешене төлегенінен де қымбат тұруы мүмкін!»

Мен шалынып кетіп еденге құлап түстім. Лаоху ырылдап Марқтың бетіне секірді. Марк ауырғаннан гөрі қорқыныш пен таңданыстан шыңғырып жіберді. Әрі-беріден соң, Лаоху тек қағаздан жасалған ғой. Марк Лаохуды бас салып, алаканымен ұмаждап, ортасынан қай айырып жұртқан кезде оның ырылдауы да басылды. Марк быт-шыты шыққан екі бөлікті қосып, маған лақтырып жіберді.

– Міне, сенің ақымақ арзан қытай коқысың.

Марк кеткен соң бөліктерді желімдеуге, қағазды тегістеуге және Лаохуды білінер-білінбес бүктемелері арқылы қайта қалпына келтіруге тырысып көп уақытымды зая кетірдім. Өзге хайуанаттар жайлап қонақ бөлмеге кіріп, менің және бұрынғы Лаохудың жұртылған орама қағазының айналасына жиналып отырды.

\*\*\*

Менің Маркпен жанжалым бұнымен аяқталған жоқ. Марк мектепте танымал болатын. Мен одан кейінгі екі аптаны ешқашан есіме түсіргім келмейді. Сол екінші аптаның соңында жұма күні үйге келдім.

– Сюэ сяо хао ма?, – деп сұрады анам. Мен жауап бермей жуынатын бөлмеге кіріп кеттім. Айнаға қарадым. Мен оған мүлдем ұқсамайды екем, мүлдем.

Кешкі ас үстінде әкемнен «Менің түрім қытайлыққа ұқсай ма?» деп сұрадым. Әкем қолындағы шөкесін? шетке қойды. Мен оған мектепте не болып жатқанын ешқашан айтқан емеспін, бірақ ол бәрін түсінгенін сездім. Әкем көзін жұмып, мұрнын сипады.

– Жоқ, ұқсамайсың, – деді.  
Анам түсінбей әкеме қарады. Ол қайта маған қарап: – «Ша цзяо чинк?», – деді.

Мен «ағылшынша», «ағылшынша сөйле» дедім.  
– Не болды? – Ол ағылшынша сөйлеуге тырысты.  
Мен алдымдағы көк бұрыш пен сиыр етіне бес түрлі дәмдеуіш қосып қуырған тамақ тұрған ыдысым мен шөкемді ары итеріп тастадым.

– Біз американдық тамақ жеуіміз керек, – дедім.  
– Көптеген отбасылар кейде қытай тағамдарын дайындайды, – деп әкем көндіруге тырысты.

– Біз басқа отбасылардай емеспіз.  
Мен оған қарадым. Өзге отбасылардың аналары қытайлық емес. Ол жанарын алып қашты. Содан кейін анамның иығына қолын қойып, «Мен саған аспаздық кітап әперемін», – деді.

Анам маған бұрылды. «Бу хао чи?»  
– Ағылшынша! – Мен даусымды көтеріп: – Ағылшынша сөйле, – дедім.

Анам менің ыстығымды байқауға маңдайыма қолын созды. «Фашоа ла?»

Мен оның қолын қағып жібердім. «Мен жақсымын. Ағылшын тілінде сөйле!» Мен айғайлап жібердім.

– Онымен ағылшынша сөйлес. Сен осындай жағдай бір күні болатынын білдің ғой. Енді, не күтіп едің?, – деді әкем анама. Анам екі қолын жанына түсірді. Ол біресе әкеме, біресе маған қарай берді. Сөйлеуге оқталды да, тоқтап қалды, қайтадан бір нәрсе деуге ұмсынып барып мүдіріп қалды.

– Солай істеуге тура келеді. Мен сенімен жұмсақтау болдым. Джекке сіңісуі керек, – деді әкем.

Анам оның бетіне қарады. «Егер мен «махаббат» десем, мен оны мынау жеріммен сезінемін. Ол өзінің ерін көрсетті. Егер мен «ай» десем, мен оны мынау жеріммен сезінемін» деп қолын жүрегінің үстіне қойды.

Әкем басын шайқады. – Сен Америкадасың.  
Анам отырған орнында Лаоху бас салып, ауасын шығарып тастаған сусыр тәрізді бүкшірейіп қалды.  
– Маған нағыз ойыншықтар керек.

\*\*\*

Әкем маған «Жұлдызды соғыстар» пішіндерінің толық жинағын сатып әперді. Мен Оби-Ван Кенобиді Маркке бердім. Қағаз хайуандарды жинап аяқ киімнің үлкен қорабына салып, төсектің астына қойдым.

Келесі күні танертең жануарлардың барлығы қашып шығып, менің бөлмедегі бұрынғы сүйікті орындарына жайғасып алыпты. Мен оларды ұстап алып, қайтадан аяқ киімнің қорабына салып, қақпағын скотчпен желімдеп тастадым. Бірақ жәшікте шу шығарған соң, оларды өз бөлмемен мүмкіндігінше аулақтау болсын деп шатырдың бір бұрышына апарып тығып тастадым.

Анам менімен қытайша сөйлесе, мен жауап беруден бас тарттым. Біраз уақыттан кейін ол көбінесе ағылшынша сөйлеуге тырысатын болды. Бірақ мен оның акценті мен сөйлемдерді бұзып айтуынан ұялатынмын. Мен оның сөздерін түзетуге тырысатынмын. Содан кейін мен қасында болсам, анам мүлде сөйлемейтін болды.

Анам маған бірдеңе айту керек болса, ымдайтын болды. Ол теледидардан көргеніндей америкалық аналар сияқты мені аясына

алуға тырысты. Маған оның қимылы ебедейсіз, сенімсіз, оғаш, ерсі болып көрінетін. Ол жақтырмайтынды сезіп, оны да қойды.

– Сен анамен бұлай қарым-қатынас жасауға тиіс емессің, – деді әкем. Бірақ, осылай десе де көзіме тура қарай алмайтын. Ол жүрегінің түкпірінде қытайдың шаруа қызын алып, оны Коннектикут маңына сіңісіп кеткенін күтуінің өзі қате екенін түсінгендік жатқан болар.

Анам америкалық тағамдар жасауды үйренді. Мен бейнеойындар ойнадым және француз тілін үйрендім. Кейде мен оның асүйдегі үстелдің басында орама қағаздың тегіс жағын қарап отырғанын көретінмін. Кейінірек менің түнгі үстелімде жаңа қағаз жануарлар пайда болып, маған жабысуға тырысатын. Мен оларды алып, ішінен ауасын шығарып, содан кейін шатырдағы қорапқа тығып тастайтынмын.

Анам ақыры мен жоғары сыныпқа көшкенімде жануарлар жасағанды тоқтатты. Ол уақытта оның ағылшын тілі жақсарған, бірақ, мені ол кезде оның не айтатыны, қай тілде сөйлейтіні қызықтырмайтын еді.

Кейде үйге келгенде, Қытай әуенін ыңылдап, ас үйде ары-бері жүрген анамның кіп-кішкентай денесіне қарап, оның мені туғанына күмәнданатын едім. Біздің ешқандай ұқсастығымыз жоқ. Оның Айдан келген болуы да мүмкін. Мен бақытқа жетуге америкалық ұмтылыс жасауды жалғастыру үшін өз бөлмеме асығатынмын.

\*\*\*

Әкем екеуміз аурухана төсегінде жатқан анамның екі жағында тұрдық. Ол әлі қырыққа да жетпегенмен, өз жасынан әлдеқайда үлкен көрінетін еді. Ұзақ жылдар бойы ақырындап ауырып жүрсе де, жеңіл-желпі нәрсе ғой деп дәрігерге барып қаралудан бас тартып келген. Ақырында жедел жәрдем оны ауруханаға жеткізген кезде қатерлі ісік хирургиялық жолмен емделмейтін шамаға жеткен.

Менің ойым бұл жерде емес. Кампус ішіндегі жұмысқа қабылдау маусымының ортасы болғандықтан, менің бар көңілім түйіндемем, транскрипт және стратегиялық түрде құрылған сұхбаттасу кестесіне ауған. Мені сатып алуға ұсыныс беретіндей етіп, корпоративтік рекрутерлерді қалай тиімді алдауды ойлап отырдым. Мен анасы хал үстінде жатқан адамның бұл туралы ойлауының өзі қорқынышты екенін түсініп тұрдым. Алайда, түсіне тұрып, ойымды өзгерте алмадым.

Анам есін біліп жатты. Әкем оның сол қолын қос қолымен ұстап тұрды. Еңкейіп, оның мандайынан сүйді. Әкемнің әлсіз және қартаң көрінгенінен тіксініп қалдым. Мен анам туралы аз білетінім сияқты әкем жайлы да көп ештеңе ұқпайтынды білдім. Анам оған қарап күлімсіреді. «Мен тәуірмін».

Анам күлімсіреген қалпы маған бұрылды. «Мен сенің оқуына баруың керектігін білемін». Оған қосылып тұрған құрылғылардың шуынан анамның өте әлсіз шыққан дауысын есту қиын болды. «Бара ғой. Маған аландама. Бұл жерде маңызды шаруа жоқ. Сабағыңды жақсы оқы».

Оның саусақтарын ұстауға қолымды создым, өйткені солай істеуім керек деп ойлады. Мен жеңілдеп қалдым. Әлден-ақ кері ұшу мен Калифорнияның жаймашуақ күн сәулесі туралы ойлап кеттім.

Ол әкеме сыбырлап бірденелерді айтты. Ол басын ізеп бөлмеден шығып кетті. «Джек, егер...», ол жөтел ұстамасы ұстап, біраз уақыт сөйлей алмады.

«Егер мен аман қалмасам, мұнайға, өз денсаулығыңды құртпа. Өз өміріңе көңіл бөл. Тек шатырдағы ана қорап өзіңмен бірге болсын, жыл сайын Цинминде оны шығарып, мені есіңе алсаң болды. Мен әрдайым сенімен бірге боламын».

Цинмин Қытайда әруақтарды еске алу мерекесі еді. Менің сәби кезімде анам Цинмин мерекесінде өзінің Қытайда қайтыс болған ата-анасына хат жазып, оларға Америкадағы өткен өмірінің бір жылында болған жақсы жаңалықтарды баяндайтын. Ол маған хатты дауыстап оқып беретін, егер өз ойымды айтсам, оны хаттың астына қосатын. Сосын хатты қағаз тырнаға жақтап салып, батысқа қарай ұшырып жіберетін еді. Содан кейін біз тырнаның батысқа қарай ұзақ сапарға Тынық мұхитына, Қытайға, анамның туыстарының қабіріне канаттарын сусылдата қағып бара жатқанына қарап тұратын едік. Соңғы рет екеуміз бірге осылай жасағаннан бері көп жылдар өтті.

– Мен Қытай күнтізбесі туралы ештеңе білмеймін, – дедім. – Мама, дем ал.

– Қорапты өзіңмен бірге ұста және анда-санда ашып тұр. Тек қана аш. – Ол қайтадан жөтелді.

– Бәрі дұрыс, мама. – Мен оның қолын ебедейсіз сипадым.

«Хайцзы, мама ай нин». – Оны қайтадан жөтел қысты. Менің санамда біраз жыл бұрынғы анамның бейнесі қылаң берді. Анам «ай» деп, содан кейін қолымен жүрегім ұстай қалатын. «Бәрі жақсы, мама. Сөйлемеші».

Әкем қайта кіргенде, мен әуежайға ертерек бару керектігін айттым, өйткені мен өз кезегімнен кешігіп қалуды қаламадым. Мен мінген ұшақ Неваданың үстінен ұшып өткенде ол дүниеден өтті.

\*\*\*

Әкем анам қайтыс болғаннан кейін тез қартайып кетті. Үй оған тым үлкен болғандықтан, оны сатуға тура келді. Құрбым Сьюзен екеуміз оған заттарды буып-түйісуге, орнын тазалауға көмектесуге келдік.

Сьюзен шатырдағы қорапты тауып алды. Қағаз хайуандар қараңғы шатырда ұзақ уақыт бойы тығылып жатқандықтан тозып, орама қағаздың жарқыраған өрнектері оңып кетті.

– Мен ешқашан мұндай оригами көрмеппін, – деді Сьюзен. – Сенің анаң керемет шебер болған екен.

Қағаз жануарлар қозғалмайды. Мүмкін, анам қайтыс болғанда, онымен бірге оларға жан кіргізетін сиқыры қоса кеткен болар. Мен бәлкім, бұл қағаз конструкцияларды бір кездері тірі деп қиялдаған болармын. Балалардың естеліктеріне сене беруге де болмайды ғой.

\*\*\*

Сәуір айының алғашқы демалыс күндерінің бірі еді. Анамның қайтқанына екі жыл толған. Сьюзен менеджмент бойынша кеңесші ретінде өзінің таусылмайтын сапарларының біріне кетті, мен үйде теледидар арналарын жалқаулана ауыстырып жатқам. Қатыран туралы деректі фильмге тоқтадым. Кенет маған қатыран жасау үшін қалай жұқалтырды қабаттап, қайтара бүктеп отырған анамның қолдары, Лаоху екеуміздің оған қарап отырғанымыз көз алдыма келді.

Сыбдыр ете қалды. Қарасам, кітап сөресінің жанында еденде умаждалған орама қағаз бен жыртылған лента жатқанын көрдім. Алып қояққа тастау үшін қасына келдім.

Домалақталған қағаз қозғалып, өздігінен ашылғанда, оның Лаоху екенін көрдім, ол туралы ойламағанымға ұзақ уақыт болған еді. «Бірр». Мен ләқтырып жібергеннен кейін, анам оны қайтадан орнына қойса керек.

Ол менің ойымдағыдан кішірек болып көрінді. Немесе ол кезде менің жұдырығым кішірек болған болар. Сьюзен қағаз жануарларды пәтеріміздің ішін айналдыра әшекей ретінде тізіп қойған. Мүмкін

Лаохуды алыстау қуысқа қойған шығар, өйткені ол көнетоздау көрінген.

Мен еденге отырдым да, саусағымды создым. Лаоху құйрығы бұлғалақтап, ойнай бастады. Оның арқасынан сипап күлдім. Лаоху менің алақанымның астынан пырылдады.

– Қалайсың, ескі досым?

Лаоху ойнауын тоқтатты. Орнынан тұрды, кербез қимылмен тіземе секіріп шықты да, өздігінен ашыла бастады. Менің алдымда жоғары қарап, жай орама қағаз шаршысы жатты. Ол қытай иероглифтерімен тығыз толтырылған екен. Мен ешқашан қытайша оқуды үйрене алмадым, бірақ «құлым» сөзінің иероглифтерін танитынмын, әрі ол хатты кімге арналғанын білуге болатындай бас жағында анамның икеміз, баланың қолтаңбасындай жазумен түр екен. Интернетті тексеру үшін компьютерге бардым. Бүгін Цинмин екен.

\*\*\*

Мен хатты алып, қала орталығындағы қытайлық туристік автобустар тоқтайтын тұраққа бардым. Кездескен туристерді тоқтатып: «Нин хуэй ду зонгвэн ма?». «Сіз қытайша оқи аласыз ба?» деп сұрадым. Қытай тілінде ұзақ уақыт сөйлемегендіктен, олардың мені түсінетіндігіне күмәндандым.



Жас келіншек көмектесуге келісті. Екеуміз орындыққа отырдық, ол маған хатты дауыстап оқып берді. Маған жылдар бойы ұмытуға тырысып келген тілім қайта оралды, ол сөздердің денемдегі терім арқылы, сүйектерім арқылы жүрек тұсым сығылғанша сіңіп жатқанын сездім.

\*\*\*

«Ұлым!  
Біз ұзақ уақыт бойы сөйлескен жоқпыз. Саған қолымды тигізуге тырысқанымда сенің қатты ашуланатыныңнан қорқатынмын. Мен үнемі тартып келе жатқан бұл азап қазір өте ауыр нәрсе-ау деп ойлаймын. Сондықтан, мұны мен саған жазып қалдыруға бел будым. Бір кездері өзің қатты ұнататын, саған арнап жасаған жануарлардың қағазына жазайын деп отырмын.

Менің демім таусылған кезде олар да қозғалмайтын болады. Егер саған бар жүрегіммен жазсам, онда жанымның кішкентай бөлігін мына қағазда, осы сөздерде қалдырғаным. Содан кейін, Цинминде мені есіңе алсаң, о дүниедегілердің аруақтарының жанұяларына барып қайтуына рұқсат берілгенде, менің артымда қалдырған бөліктеріме де жан бересің. Саған арнап жасаған тіршілік иелері тағы да секіріп, жүгіріп, серпіліп ойнап кеткенде, мүмкін сол кезде сен де бұл сөздерді көре аларсың.

Мен шын жүректен жазуым қажет болғандықтан, саған қытайша жазғаным дұрыс. Осы уақыт ішінде саған өмір тарихымды айтпаппын. Сенің кішкентай кезінде сен өсіп, түсіне алатын болғаныңда айтармын деп ойлағам. Алайда, ондай мүмкіндік болмады.

Мен 1957 жылы Хебей провинциясының Сигулу ауылында дүниеге келдім. Сенің ата-әжең мен туыстарың кедей шаруа отбасыларынан шыққан. Мен туылғаннан соң, бірнеше жылдан кейін Қытайда Ұлы Ашаршылық басталып, сол жылдары отыз миллион адам қайтыс болды. Бірде ояңғанымда анамның маған соңғы бір уыс ұнды қалдыру үшін топырақ жеп жатқанын көрдім.

Кейіннен жағдай түзелді. Сигулу өзінің қағаз колонерімен әйгілі еді, анам маған қағаз жануарлар жасауды, оларға жан беруді үйретті. Бұл біздің ауылдың ғана өміріндегі іс-тәжірибелік сиқыр еді.

Біз егістікке келетін шегірткелерді үркіту үшін қағаз құстар, тышқандарды шошыту үшін қағаз жолбарыстар жасайтынбыз. Қытайдың Жаңа жылдық мерекесіне достарымызбен бірге қызыл қағаз айдаһарлар жасадық. Мен өткен жылдардың барлық жаман естеліктерін үркіту үшін, жарылатын петард жіптерін қысып алып, төбемізде ұшып жүрген сол кішкентай айдаһарлардың көріністерін ешқашан ұмытпаймын. Ол саған да ұнар еді.

Содан кейін 1966 жылы Мәдени Төңкеріс болды. Көрші көршісіне теріс бұрылып, бауырлар бір-біріне жау болды. Біреулер анамның бауыры, менің нағашы ағам 1946 жылы Гонконгқа кетіп, сонда саудамен айналысқанын естеріне түсіріпті. Гонконгта туыстарымыздың болуынан біз тыңшы, халық жауы атандық, бізге түрлі жолдармен күресуге тура келді. Байқус әжең бұл қорлыққа төзе алмай, құдыққа секіріп қайтыс болды. Кейіннен қаруланған жігіттер келіп атаңды орманға алып кетті, ол содан қайта оралмады.

Осылай мен он жасымда жетім қалдым. Менің жалғыз туысым Гонконгтағы нағашы ағам ғана болатын. Бір күні түнде қашып шығып, онтүстікке бара жатқан жұқ пойызға міндім. Бірнеше күннен кейін Гуандун провинциясында мені тамақ ұрлағаным үшін ұстап алды. Олар менің Гонконгқа бара жатқанымыз естігенде күлді. «Бүгін сенің жолың болады екен. Біздің саудамамыз – қыздарды Гонконгқа жеткізу» деді олар.

Олар мені басқа қыздармен бірге жұқ көлігінің астына тығып, шекарадан алып өтті. Бізді жөтелге апарды, сатып алушыларға деніміз сау және ақылды болып көрінуіміз керектігін түсіндірді. Отбасылар қойма құнын төлеп, бізді көріп, бірімізді «асырап алуға» таңдау үшін келді.

Мені екі ұлына қарау үшін Чин отбасы таңдап алды. Мен таңғы ас дайындау үшін күн сайын таңғы төртте тұратынмын. Балаларды

тамақтандырып, жуындыратынмын. Азық-түлікке барып, кір жуатынмын, еден тазалайтынмын. Мен ұлдардың соңынан жүріп, олардың бұйрықтарын орындайтынмын. Түнде мені ұйықтауға асүйдегі шкафқа жатқызып, сыртынан бекітіп қоятын. Егер мен бірнәрсені қате немесе баяу жасасам, балалары бірдеңе бүлдірсе, таяқ жейтінмін. Ағылшын тілін үйренуге ұмтылсам да көресімді көретінмін.

Чин мырза «Неге ағылшын тілін үйренгің келеді?» деп сұрады. «Полицияға барғың келе ме? Біз полицияға сені Гонконгта зансыз тұрады деп айтамыз. Олар сені түрмеге қуана қамайды» деді.

Осылайша алты жылым өтті. Бір күні таңғы базарда балық сататын егде әйел мені шетке шақырды. «Мен сен сияқты қыздарды білемін. Қазір қаншадасың, он алтыдамысың? Бір күні сенің қожайынның ішімдік ішкен күні саған көз салып, өзіне тартады, сен оны тоқтата алмайсың. Сосын әйелі біліп қойса, сен шын мәнінде тозаққа түсесің. Сен бұндай өмірден құтылуың керек. Мен көмектесе алатын бір адамды білемін».

Ол маған Азиялық әйелдерге үйленгісі келетін америкалық еркектер туралы айтып берді. Егер тамақ жасап, үй тазалап, америкалық күйеуімді күтіп қарай алсам, ол маған жақсы өмір

сыйлайды екен. Бұл менің жалғыз үмітім болды. Осы өтірікпен каталогқа еніп, әкенмен кездестім. Бұл романтикалық хикая емес, бірақ бұл менің өмір тарихым.

Коннектикут маңында мен жалғыз болдым. Әкең маған мейірімді, мейлінше жұмсақ болды, оған өте ризамын. Бірақ мені ешкім түсінбеді, мен де ештеңе түсінбедім. Бірақ содан кейін сен туылдың! Мен бақытқа кенелдім, сенің жүзіңе қарап анамның, әкемнің және өзімің бейнемді көргендей болатынмын. Мен бүкіл отбасымнан, барлық Сигулудан, өзім білетін және жақсы көретіндердің баршасынан айрылғанмын. Бірақ сен, сенің жүзің олардың болғанының шынайы дәлелі болды. Мен оларды ойымнан шығарған жоқпын.

Енді менің сөйлесетін адамым бар. Саған өз тілімді үйретемін, біз бірге мен жақсы көрген, бірақ айрылып қалған нәрселердің кішкентай бөлігін жасай аламыз. Сен Қытай тілінде алғашқы сөздеріңді анам екеуміз сияқты ырғақпен айтқанда, мен ұзақ жыладым. Саған арнап алғашқы жеңі жануарлар жасағанымда, сен күлген сәтінде, жаным жай тапқанын сезіндім.

Сен аздап өсіп қалдың, енді әкең екеумізге бір-бірімізбен сөйлесуге көмектесе аласың. Енді мен өзімді тура өз үйімде жүргендей сезінетін болдым, ақырында жақсы өмірге қолым жетті. Мен оларға ас дайындап, жақсы тұрмыс сыйлау үшін ата-анамның осында болғанын қаладым. Бірақ менің ата-анам бұл өмірде жоқ еді. Қытайлықтар әлемдегі ең мұңлы сезім деп нені санайтынын білесің бе? Бұл бала үшін ата-анасына қамқорлық жасасам деген ниеті туындағанда, олардың өмірден баяғыда өтіп кеткенін ұғыну.

Ұлым, сенің маған тартқан қиық көздеріңді ұнатпайтыныңды білемін. Саған менікіндей қытайлық шаштарың да ұнамайтынын білемін. Бірақ, сенің өмірге келуің маған қаншалықты қуаныш әкелгенін білесің бе? Сен менімен сөйлесуді қойған кезде, қытайша сөйлеуге тыйым салғаныңда не сезінгенімді түсінесің бе? Сол шақта мен бәрінен қайтадан айрылып жатқанымызды ұқтым.

Неге менімен сөйлеспейсің, балам? Ауруым жазуымды қиындатып жіберді».

\*\*\*

Жас келіншек маған қағазды қайтарып берді. Оның бетіне қарай алмадым. Көзімді жерден алмаған күйі, анамның хатының астындағы «ай» белгісін тауып беруім өтіндім. Оның сөздерімен менің қаламымның сызықтарын қоса, ол сөзді қағазға қайта-қайта жаздым.

Жас келіншек иығыма қолым салды. Содан кейін орнынан тұрды да мені қиялымдағы анаммен жалғыз қалдырып кете берді. Қайтадан бүктей отырып, Лаохуды қалпына келтірдім. Мен оны шынтағымға салып тербеттім, ол пырылдай бастағанда үйге қарай жүрдік.

катыран<sup>1</sup> – акула шөке<sup>2</sup> – тамақ жейтін таяқшалар

**Ағылшын тілінен аударған – Салтанат Молотқызы.**

*Салтанат Молотқызы 1973 жылы туылған. 1992 жылы Панфилов педагогикалық училищесін үздік дипломмен бітірген. 1990 жылы өткен Панфилов аудандық ақындар айтысының жеңімпазы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің магистратурасын тәмамдаған. Қазіргі кезде ҚазҰПУ оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты.*



**Әр өңірдің қыры мен сырын жақсы білетін жандар көп кездесе бермейді. Соның бірі – Алматы облысы Талғар ауданы Талдыбұлақ ауылының тұрғыны, өлкетанушы, этнограф Алтынбек Қонаев.**

Алтынбек қария жасы келсе де сыртқы ортамен танысуға жаны құмар. Көркем табиғатқа, қоршаған ортаға жете мән берумен қатар, ондағы жұмбақ әлемге де назар аударып жүреді. Қария мен таныстығым көп болмаса да, әңгіміміз бір-екі кездесуден кейін жарасып кеткен еді.

2013 жылы «Мен саған Кеген, Нарынқол өңірінің тау – тасын бір көрсеткім кеп жүр. Ол өңірден кеткеніме 30-35 жылдай болды. Ата-бабамыздың туып өскен жері кімге болсын ыстық. Өзім қызмет істеген жылдары қолым боста көп жерлерді аралап, көзбен көргенім өзгелерді де қызықтырады анық. Ел мен жердің тарихи мұраларына және заманға қатысты біраз жерді көрген едім. Оны көп адамдар біле де бермеуі мүмкін. Білген, көрген дүниені сен көрсен, таңғаларсың» деген еді.

Мен қария ұсынысын қабыл көріп, Кегеннің тауы мен тасын аралап, біраз дүниеге қанықтым. Сол бір сапарда қария жасы келсе де құр аттай желіп, жаяуда жүрді. Өзі ертеде көрген тарихи мұраларға қатысты жерлерді көрсетті. Тек бір ғана Сарытаудағы «Жұмбақ тас» деген тасты таба алмадық. Оны өзі және Айтқын деген шопан, сол кездегі Райымбек ауданының өлкетану мұражайының директоры Тұрар Бүйенбаев көзімен көріпті. Көп нәрсені көре жүріп, жер аттары, олар жөніндегі аңыз әңгімелерді де аз айтпады. Кері қайтарып, Кегеннің асуынан Алматыға қарай бет алдық. Арта құпиясын қойына жасырған өңір қалып бара жатты. Бірақ Алтынбек қариямен әңгіміміз жол-жөнекей таусылмады. «Саған тағы да бір нәрсе көрсетемін. Егер мен ұмытып қалмасам. Бұл асу талай жаңарып, талай жөнделді. Ескі асу жабылып, жаңа жол кеңейді. Бұрынғы ескі асуды ел Байсуан асуы деп айтатын. Бұл манда Кіндік тас деген жер бар деп, әңгімесін жалғастырып, асудан төмендеп түсіп бара жатқанымыз да көлікті тоқтатты. Біз үлкен жолдың күн батыстағы таудың етегіндегі кішкене бір сайына түстік. Сайдың тауға қарған етегінде шоғыр тасқа жақындалдық. Қалың қына мен бұта басқан жақпар тасқа келгенімізде: «Осы жер, орнында екен» деп қызыл қоңыр тастағы шыны ыдысындай дөңгелек темірді көрсетті. «Мен мұны осыдан 30-35 жыл бұрын көргенмін. Көп жерді араладым, бірақ мұндай темір таңбаны кездестірмедім» деп жақын барды.



Темір белгі тасқа сынадай кіргізіліпті. Тастың бетімен бірдей болып тұр. Онда ГУГСК. НКВД. СССР деген дөңгелек жазылды. Ортасында ТОН және оның астыңғы жағында 144 деген сан бар. Дөңгелек темір белгі тасқа ұқыпты түрде сіңіре орнатылған. Тастың түсі тәріздес тот басып кеткен. Былай қарасаң, ол кәдімгі Алматы көшелеріндегі су құбырлары жабатын шойын қақпақтардың пішініне қатты ұқсайды. Таңбаның зауытта жазылғандығы білініп тұр. Оны алыстан көп адам байқамауы да мүмкін және айналасын ағаш басқан.

«Бұл сонда не болды?» екен деп Алтынбек қариядан сұрағанымда, ол кісі де бұдан бейхабарсыз екенін айтты. Темір белгіні қария тау мен тасты аралап жүріп көріпті. Көргенін кейбір адамдардан сұраған да. Бірақ бұл жұмбақ нәрсенің жауабын таба алмаған. НКВД-ның аты



# НКВД-дан қалған белгі



бар белгіден секем алып, кезінде атынан ат үркетін әріпті көпке жария да етпеген.

Біз қайта жолға шықтық. Ойымнан жаңағы жазу кетпеді. Бұрын сонды мұндай жазуды кездестіргендіктен, әлгі темір таңбаны ойлаумен болдым. Есіме бір танысымның айтқан әңгімесі түсті. 30-жылдары осы Кеген асуының бір жерінде түрме болған, бірақ оны ешкім дәл қай жерде болғанын білмейді деген еді. Ал мына белгінің тұрған жері түрме болған орынға сәйкес келмейді. Себебі, мұнда үйдің, не болмаса басқа да түрмеге тән белгі жоқ. Оның үстіне кішкене сай мен үлкен жолдың ортасын бір жүрекше төбе ғана бөліп тұр. Біз түскен сай сол жүрекшені айналып барып, үлкен жолға түседі екен. Жүрекшенің жолға қараған жағында көкішкі жалпақ тастар. Ол тастар темір белгі тұрған тасқа ұқсамайды да. Мүмкін бұл жерде ерекше кен орны бар ма деп ой түйіп, алға жылжыдық.

Мазалаған сол бір таңбаға ізденіс жасадық. НКВД, СССР деген жазулар таныс болғанымен оның алдындағы ГУГСК деген сөздің не атау беретіндігін іздедік. Ол 1935 жылдың 15 маусымдағы үлкен бір мемлекеттік мекеменің аты болып шықты. Главное управление государственной съёмки и картографии деген сөздің қысқарған түрі екен. Мекеменің бастығы болып, А.Горянов бекіп, орманды қорғау бөлімінде қосып басқару тапсырылыпты. Оның құрамында 248 адам жұмыс істеген. Горянов бұл мекемеде біраз уақыт істегеннен кейін басқа жұмысқа ауысып, 1938 жылы халық жауы атанып, аталыпты. Мекеме 1938 жылдың 14 қыркүйегінде НКВД-ға берілген. Сол жылдардан бастап, 1953 жылдың 15 наурызына дейін мекеме еш өзгеріссіз жұмыс істеген. Бұдан кейін ГУГК болып өзгеріп, Ішкі істер министрлігінің қарамағына өткен. 1960 жылдан кейін Геология мен табиғат қорғау министрлігіне қараған. Ал біз көрген темір белгі туралы ізденіс жасағанымызда, біраз деректер табылғандай болды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1919 жылы Бас геодезия басқармасы құрылыпты. Сол жылдан 1935 жылға дейін әртүрлі мекемелерге беріліп келген. Аттары да өзгеріп отырған. Бір қызығы, біз іздеген темір белгі Смоленсктегі революциядан бұрын салынған екі қабатты үйдің бірінші қабатында орнатылғаны жазылып, суреті берілген. Бірақ ол біз көрген темір белгіден өзгеше. Ондағы белгідегі жазу «Точная нивелировка НКВД 592» деген жазуды көрдік. Бірақ бұл туралы мәлімет жоқ. Не мақсатта, не үшін белгі қойылғандығы жөнінде дерек айтылмайды.

Жалпы, біз көрген темір белгінің белгілі бір кен байлығына байланысты қойылған ба деп ой түйгенімізбен, ол КСРО-ның біраз жерінде орнатылыпты. Бірақ темір белгі жөнінде қандайда пікір, не болмаса сілтеме берілмеген. Тек ол геодезиялық белгі делініп, 1935 – 1938 жылдары ГУГСК, НКВД-ның құрамында болғандығы

айтылады. Оны тауып алған бір адамның жазуына, геодезиялық шойын белгі, биіктігі – 14,5 см, диаметрі – 10,5 см, салмағы – 2,1 келі, үйден алынды деп суретін берген. Табылған таңба суретте кәдімгі мөр тәріздес, ұшы сынға ұқсайды, екі бунағы бар, үшкір. Бірақ оның беті туралы ешнәрсе айтпаған. Ал Ресейдің Хакасия республикасының «Ақ көл» (Озеро Беле) деген демалыс орнында демалғандар сол мандағы Чалпан үстіртінің ең биік нүктесінде тасқа бетондалған темір белгіні көріп, таңданыс білдіріпті. Бұл темір белгі біз көрген Кеген асуындағы темір белгімен бірдей. Тек сандары сәйкес келмейді. Бірақ темірдің үстіңгі жағында қатты соққыдан жапырылғандығы байқалады.

Бір айта кетерлік жағдай ол жердегі жер жағдайы мен тастары да Кеген асуының келбетіне сәл де болсын ұқсастау. Үстірт жалаң қырка, әр жерінде тастары бар. Осындай темір белгі Башқұрстандағы Қызыл деген елді мекенің бір ғимаратының қабырғасында табылған. Енді тағы бір белгі Украинаның Черкас облысының Смел қаласындағы Севасполь көшесіндегі темір жол бекетінің ескі үйдің қабырғасында тұрғанын жазып, ғимараттың кай жерінде тұрғанын суретімен көрсеткен. Ондағы темір белгі біз көрген белгіден сәл өзгеше, бірақ сан жазылған жері даттанып кеткендіктен оқу мүмкін емес. Бірақ оны көргендер темір белгі туралы ешнәрсе жазып, түсініктерін бермеді. Ал біз көрген темір таңба осыдан бес жыл бұрын Алматы облысы Жаркент қаласының мешітінде де бар екен. Оны көрген әскери адам да таңданып, таңбаның қай жерде тұрғанын жазыпты. Таңба мешіттің негізгі кіре берісі қақпасының оң жағындағы кірпіштен жасалған қоршауда тұрғанын айта келіп, онда «ГУГСК. НКВД. СССР» және 112 деген санды байқаған. Таңба оған таңданыс тудырыпты. Енді бірде біз көрген темір белгі жайлы бір автор оны бұзылған ағаш үйден алғанын айтып, салмағы екі келіге жақын деп суреттерін түсіріпті.

Сонымен, біз көрген тастағы НКВД-ның темір таңбасы геодезиялық белгі болғанымен, оның не мақсатта қойылғанын біле алмадық. Сондай-ақ ол үйлерге ғимараттарға, қабырғаларға қойылуында не сыр барын да ұға алмадық. Ізденіс барысында оның геодезиялық белгі болғанымен, оның әртүрлі кездестірілді. Оларда да НКВД деген жазу бар. Бірақ белгінің не үшін қойылғаны айтылмайды. Біз іздеген ГУГСУ сөзінің түп-төркіні мемлекеттік геодезиялық картография мен түсірімдік бас басқармасы болғандықтан оған жататын географиялық нысандар екен. Мекеме 1937 жылдары КСРО елдерінің және Азияның физикалық картасын, Африканың саяси картасын баспадан басып шығарыпты. Яғни НКВД-ның араласқан саласы көп екенін осыдан байқауға болады.

**Жексен АЛПАРТЕГИ**  
«Айқын»



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТИ  
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК  
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК  
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ  
Бас редактордың орынбасары –  
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ  
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:  
[jar-aina@mail.ru](mailto:jar-aina@mail.ru)

➤Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.  
➤Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
➤Газет индексі - 65161  
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
➤Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.  
➤Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Оффсеттік басылым.  
➤Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:  
Алматы облысы,  
Жаркент қаласы,  
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй,  
14 пәтер  
Тел.: 8/705/412-78-48;  
8/705/277-16-91;  
8/777/971-57-67  
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.  
Тапсырыс: №110

